Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 38 (1041)

24.09.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АВТОБУС ПАРКІНЕ 38 ЖАҢА АВТОБУС БЕРІЛДІ

ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАНЫНА БИЫЛ ЖИЫРМА ЖЫЛ. ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ТОТЫ ҚҰСТАЙ ТҮРЛЕНІП КЕЛЕТІН ҚАЛАНЫҢ СӘУЛЕТІН, КЕСКІН-КЕЛБЕТІН КӨРГЕН ЖАННЫҢ КӨЗІ ТОЯДЫ.

Заманауи үлгідегі салынған, сәніне салтанаты жарасқан ғимараттар мен көкке бой көтеріп, күн нұрымен шағылысқан көп қабатты зәулім үйлер, минут сайын толысқан тайбурылды көз алдыңызға елестеді. Көрікті қалада тұрғындар саны да жыл сайын артуда. Заман ағымына қарай бейімделіп, нарық талабына орай қам-қарекетке көшкен облыс орталығында автобус парктерін жаңарту бойынша 2021 жылы «Жетісу» ӘКК РИР АҚ арқылы жалпы құны 2 321 462 000 теңге болатын 55 автобус сатып алу жоспарланған. Сатып алынған автобустар тасымалдаушыларға жылдық 4 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен 7 жыл мерзімге лизингке берілмек. Бүгінгі таңда «QAZTEHNA» ЖШС және «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС-мен Ютонг маркалы 28 автобус және 18 Паз сатып алуға шарт жасалған. Оның ішінде Ютонг маркалы 28 автобус (25 автобус -8,5 м, 3 автобус-10,3 м) және 4 ПАЗ қалаға жеткізілді. ПАЗ И9 Ютонг маркалы автобустардың қалған 14 бірлігі 2021 жылдың соңына дейін жеткізілмек. Талдықорған қаласында осы жаңадан алынған автобустарға Қонаев көшесі, 11 мекен жайы бойынша газбен жұмыс істейтін жанармай құюға арналған автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясының (АГТКС) құрылысы іске қосылды. Енді қала бойынша әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау мақсатында комиссия (Қала әкімінің 21.02.21ж. №5 өкіміне сәйкес құрылған) тасымалдаушылар ұсынған шығындар есебін қарап, Талдықорған қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесінде жасалды. Алматы облыстық мәслихатының 28.07.2021 жылғы №7-46 «Алматы облысының әлеуметтік маңызды қатынастарының тізбесін айқындау туралы» шешімі бекітіліп, әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынасын субсидиялаудың 3 жылға арналған болжамды көлемі - 3 212 330 112 теңгеге бағаланған. Қала ішіне қатынайтын тозығы жеткен автобустарды жаңарту мақсатымен облыс орталығында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы өңірлік даму институты акционерлік қоғамымен алынған 38 жаңа автобус жолаушылар тасымалдайтын автопаркке берілді. Осы 38 автобустың 28-і қала маршрутына шықса, 10 автобустың құжаттары рәсімделіп пайдалануға берілмек. Қалған 17 автобус жылдың аяғына дейін әкелінбек. Су жаңа көліктердің кілтін Алматы облысының әкімі Амандық Баталов табыс етті. Бұған дейін әбден тозығы жеткен пайдалану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен автобустар енді санаттан шығарылып, жаңа автобустар қала тұрғындарына қызмет көрсететін болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП ҚЫС КЕЛЕДІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АМАНДЫҚ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ НАЗАРЫНА! 5-бет

КӨЛІГІН КЕПІЛГЕ ҚОЙЫП, ЖАРЫСҚА БАРҒАН СПОРТШЫ

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА 7-бет

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫНА АРНАЛҒАН СТЕЛЛА АШЫЛДЫ

ПОЗНАНИЕ 14-стр

ЗАВИСИМОСТЬ ПОТРЕБНОСТЕЙ: ХОРОШО ЭТО ИЛИ ПЛОХО?

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОНЫСТОЙ

60-ҚА ЖУЫҚ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ МӘРТЕБЕСІН АЛҒАНЫНА 20 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ҚАЛАДАҒЫ ОҢТҮСТІК-БАТЫС ТҰРҒЫН АУДАНЫНЫҢ «БОЛАШАҚ» ШАҒЫН АУДАНЫНДА КӨППӘТЕРЛІ ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.

Тұрғындарға жаңа пәтердің кілтін табыстаған облыс әкімі Амандық Баталов қоныс иелерін қала күні мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Талдықорғанда соңғы 20 жылда аймақтағы барлық сала бойынша өсу қарқыны орын алды. Қала жанжақты дамыды. Жаңадан шағын аудандар ашылып, түрлі әлеуметтік нысандар бой көтерді. Бұның барлығын жасау үшін, қазынаға түсетін салықтың көлемі де артуы керек. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш 860 млрд. теңгені құрап отыр. Осының арқасында бүгінгі деңгейге жетіп отырмыз. Елбасы мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауы да қазіргі нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отырғанын атап өткен жөн», – деді өңір басшысы А. Ғаббасұлы.

«Шаңырақ» тұрғын үй бағдарламасының қатысушылары жаңа пәтерлердің бақытты иегерлері атанды. Солардың қатарында, ақ жаулықты ана Нүкен Құлбайқызыда бар.

«Балам бүгін құтты шаңырағының кілтін қолына алды. Бұл қоныс тойды ұзақ уақыт күттік. 2005 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде 4 перзенті бар. Балаларым үшін өте қуаныштымын. Баспаналары берекелі болсын. Қуанғанымнан көзіме жас алып отырмын», – деп ағынан жарылды ана.

Берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 5 мың шаршы метрден асады. Онда барлығы 55 пәтер бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АУДАН ТЫНЫСЫ

ҮШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ТОЛЫҚТАЙ ЕКПЕ АЛДЫ

Алматы облысына қарасты Көксу ауданында 25 840 КВИ зертханалық талдау жасалған. Жалпы аудандағы зертханада күніне 80 тұрғын коронавирусқа тест тапсыра алады. Осы күнге дейін 1233 тұрғынның індетке шалдыққаны зертханалық талдау нәтижесінде анықталған.

Бүгінгі күні Көксу ауданындағы 6 мектепте білім алушы 16 баладан коронавирус анықталған. Салдарынан, 314 оқушы карантинге жіберіліп, онлайн оқу форматына көшірілді. Сондай-ақ, 65 жастан жоғары тұрғындардың 241-і вирус жұқтырса, жүкті әйелдердің ішінде 84-і кеселге шалдыққан.

Аудан бойынша КВИ қарсы вакцинация жүргізуге тартылған барлық егу пункттерінің саны – 10, оның ішінде 2-еуі тоңазытқышпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, 1 жылжымалы егу пункті бар. Мұнда күндігіне 16 доза вакцина беріліп отырады.

Аудандық орталық ауруханаының меңгерушісі Салтанат Абдрахманованың айтуынша, Көксу ауданында 40 543 адам тұрады. Солардың ішінде 16 482-сі коронавирусқа қарсы екпе алған. Ол аудан халқының 40 пайызын құрайды. *«Ауданымызда үш түрлі вакцина дозасы бар. Ол «СпутникV», «QazVac», қытайлық «Vero Cell» вакцинасы. Көксу ауданының аумағында 10 ауылдық округ бар. Олардың 3-і екпе салу бойынша жоспарды толық орындаған. Олар Жарлыөзек, Мұсабек, Айнабұлақ ауылдық округтері. Сонымен қатар, тағы да 3 ауылдық округ вакцинацияның жоспарын 90 пайызға орындап отыр»*, – дейді аурухана меңгерушісі.

«Ashyq» жобасының жұмысына 158 нысан қосылған. Жоба негізінде осы уақытқа дейін 16 адамның карантиндік режимді бұзғаны анықталған. 10 тұрғынның «қызыл» статусқа ие екендігі, ал қалған алтауынан «сары» статус анықталған. «Қызыл» статусы бар тұлғаларға қатысты 43755 теңге сомасына айыппұл салынған. Сондай-ақ, «сары» статусы бар азаматтарға қатысты үй карантині шарттарын сақтау қажеттілігі туралы талаптары бар қаулы шығарылған.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ІНДЕТ

Жыл басынан бері Текелі қаласында 1809 адамнан коронавирус анықталған. 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш – 5895,6 құрайды. Эпидемиологиялық бақылау матрицасына сәйкес, Текелі қаласы қызыл аймақта орналасқан.

КАРАНТИН ТАЛАБЫН БҰЗҒАНДАРҒА

4 млн. теңге сомасында айыппұл салынды

Қала бойынша оқушылар арасындада коронавирустық жағдай тіркелуде. Бүгінгі күні шаһардағы 12 оқушыдан аталған індеттің табылғандығын растап отыр. Сәйкесінше, 6 мектептегі 12 сыныптың 329 оқушысы карантинге жіберілді. Оқу жылы басталған уақыттан бастап қалада екі ұстаздың вирус жұқтырғаны анықталған.

Осы уақытқа дейін, мониторингтік топтардың жүргізген тексеріс нәтижесінде, карантин талаптарын бұзған 58 нысанға оның ішінде жеке және заңды тұлғаларға 4 млн. теңге сомасында айыппұл салынғанын тілге тиек етті Текелі қаласы әкімінің орынбасары Сері Болысбайұлы.

Қалада коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастар үшін 110 төсек-орын қарастырылған. Қазіргі кезде ауруханалардағы төсек санының жүктемелігі 38 пайызды құрап отыр. Бұл туралы Текелі қалалық ауруханасы директорының орынбасары Камила Жамалова мәлімдеді.

Оның айтуынша, реанимацияда 11 төсек бар. Қазірде аталған бөлімде 6 науқас емделуде. Коронавируске шалдыққандардың 97 пайызы екпе алмағандар. Ал емханадағы науқастардың 3 пайызы вакцинаның екі бөлігін толық алмағандар болып табылады.

«Қала бойынша балалар арасындағы аурушаңдық 2,1 пайызды құраса, жүкті әйелдер арасында бұл көрсеткіш 12 пайызды көрсетуде. Көбіне 40-50 жас арасындағы тұрғындар індетті жиі жұқтырады», – дейді Камила Тоқтасынқызы.

Естеріңізге саламыз, моноқалада аты жаман індетпен күресудегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін арнайы мобильді топтар жұмыс жасауда.

Мамандар сөзіне сенсек, мобильді топқа тәулігіне 100-350 шақырту түседі.

С. НҮСІП.

КІТАПХАНАДА

ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ТАРАП, МӘНІН ЖОЙМАЙ САҚТАЛҒАН МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІН, ДҮНИЕГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫН, АРМАН МҮДДЕСІНЕ ДЕЙІН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ.

1001 мақал сайысы ұйымдастырылды

Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, халық өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда орнымен қолданудың маңызы зор болған. Осы орайда ата-бабамыздан қалған нақыл сөздерді жас ұрпағымыздың қандай деңгейде білетіндігін анықтау, әрі мақал-мәтелдерді насихаттау, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы оқырмандарды тапқыр әрі мақалдап, мәтелдеп сөйлеу мәнеріне дағдыландыру мақсатында қалалық орталық балалар кітапханасының оқу залында қала мектептерінің 4 сынып оқушылары арасында «Білім, кітап, оқу» тақырыбында «1001 мақал» атты мақал-мәтел сайысы ұйымдастырылды. Аталған жарысқа 10 оқушы қатысып, бірінші орынды №23 мектептің 4 сынып оқушысы Айым Бақтілекқызы иеленсе, екінші орынды №25 мектептен Сәт Жібек, 3-ші орынды №27 мектептен Жәнібек Мағжан иеленді.

Шара соңында әділқазылар алқасы қатысушыларға жылы тілектерін айтып, алғыстарын білдірді.

Ф. ЖАҚЫПОВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПО СЛУХАМ И ДОСТОВЕРНО

ИНОСТРАННЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ И МЕССЕНДЖЕРЫ МОГУТ ОБЯЗАТЬ ЗАРЕГИСТРИРОВАТЬСЯ ИЛИ ОТКРЫТЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ. ДЕПУТАТ МАЖИЛИСА АЙДОС САРЫМ РАЗЪЯСНИЛ, СТОИТ ЛИ ОЖИДАТЬ БЛОКИРОВКИ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ В СТРАНЕ ИЗ-ЗА ПОПРАВОК, СОДЕРЖАЩИХСЯ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ ПО ВОПРОСАМ ЗАЩИТЫ ПРАВ РЕБЕНКА, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ.

ЗАКРЫВАТЬ ВСЕ ТОТАЛЬНО НЕ БУДУТ

Инициированный депутатами законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка» 15 сентября в первом чтении принял Мажилис.

По словам депутата, «подойти» к законопроекту пытались в разное время, однако он все еще продолжает «лежать в парламенте». Сдвинуть его с мертвой точки удалось после поручения Главы государства по кибербуллингу.

Депутаты Динара Закиева и Айдос Сарым предложили внести правки, согласно которым все иностранные мессенджеры и социальные сети должны будут пройти регистрацию в уполномоченных органах Казахстана и открыть здесь свои представительства. В противном случае они будут заблокированы.

«Что касается информации о том, что казахстанцы останутся без доступа к социальным сетям — это преувеличение. У власти есть много разных людей, но абсолютных дураков и глупцов нет, которые собираются ограничивать такое явление, как соцсети. Меня поразило то, что в законе очень много нового, очень много вопросов. К некоторым вопросам вообще впервые подходим. И то, что связано с соцсетями и кибербуллингом, — это вот огромный документ, по-моему, 115 страниц. Из них 4 страницы посвящены этой теме. Идея простая, на самом деле. Казахстанцам вообще не стоит переживать за Instagram, Facebook, Twitter, Telegram. За ними стоят крупнейшие технические, информационные и медийные гиганты, руководители которых давно уже стали миллиардерами», — поделился Айдос Сарым в интервью корреспонденту.

Отметим, что, согласно поправкам, для того чтобы осуществлять свою деятельность на территории Казахстана, собственники иностранных онлайн-платформ должны будут пройти обязательную государственную регистрацию юридического лица и открыть свой филиал, руководить которым должен гражданин Казахстана. Как утверждает автор поправок, мировые информационные гиганты вполне могут себе позволить открыть филиал в Казахстане, пусть даже онлайн. Достаточно лишь начать переговоры с компаниями.

«Мы видим, что во всем мире идет процесс. Интернет, он как автомобиль. Вначале изобрели авто, потом они начали ездить по дорогам, в аварии попадать, люди стали гибнуть. Потом появились правила дорожного движения. Вот с интернетом примерно такая же история. Явление новое, оно обрастает новыми подробностями, вроде кибермошенничества, кибершпионажа, кибербуллинга и так далее. Если вы зайдете в Facebook и откроете свое пользовательское соглашение, обычно его никто не читает, но там все эти требования есть. Но мы говорим: “Давайте мы будем исполнять все ваши требования, они, в принципе, совпадают с нашим законодательством, назначить одного-двух человек, пусть это будет виртуальное представительство, но главное, чтобы это был живой человек, тот, с кем наше правительство, суды могли бы разговаривать. Мы же тоже часть мирового сообщества, и мы видим, что нанимаются чехи, венгры, нанимаются испанцы, а чем казахи хуже?” — добавил депутат.

Планируется, что порядок блокировки и ограничения интернет-ресурсов будет определять уполномоченный орган в области информации. Данный орган, как ожидается, будет наделен переговорной позицией с иностранными компаниями. Он же будет выявлять нарушителей, а все остальное ляжет на плечи суда.

«Мы хотим, чтобы закон определил официально уполномоченный орган, расписал процедуры и регламент работы. Данный орган, а именно Министерство информации и общественного развития, будет вести переговоры. Социальных сетей в мире много, и если они не будут проявлять должного уважения к своим аудиториям, то могут “перетечь” в другую. Есть китайские, российские, другие. В конце концов, если компании зарабатывают на наших пользователях огромные деньги, то какую-то часть денег на то, чтобы регулировать сегмент у себя согласно своим же правилам, они, наверное, могут. Это абсолютно здравый смысл и логика. Нет ничего сверх ожиданий», — добавил Айдос Сарым.

При этом мажилисмен подчеркнул, что несмотря на предложенные нормы, в Казахстане «рациональное правительство, рациональная власть, она не пойдет на глупые шаги, закрывать все тотально не будет». Блокировка, по словам депутата, это «крайняя мера в случае злостного неисполнения».

«Я думаю, должно быть так: должен быть переговорный процесс, в котором объяснят иностранным компаниям, что вот у нас столько-то миллионов ваших пользователей, у нас есть столько-то проблем, связанных с этим. Опять же, казахстанцы тоже могут перетечь из одной социальной сети в другую. Поэтому с учетом этого всего нужно иметь четкую переговорную позицию. Есть требования закона, которые нужно исполнять. Это не в один день придет, но поскольку в разных странах мира принимаются аналогичные нормы, то мировые техногиганты не могут остаться как острова или как неприкосновенные священные коровы. Понятно, что у нас, в Казахстане, рациональное правительство, рациональная власть, она не пойдет на какие-то глупые шаги, закрывать все тотально не будет. Но есть другие меры, допустим, организовать целую кампанию. К примеру, если 100 тысяч пользователей Facebook напишут публично Цукербергу. Неужели думаете, что он откажет? Я думаю, нет. Надо пытаться, нужно работать», — добавил депутат.

Отметим, что предложенные поправки, по словам Сарыма, были составлены с учетом мирового опыта, а также опыта стран-соседей.

«У нас есть институты парламентаризма, которые готовят объемные документы: как это делается в мире, какие страны, какие санкции, какие редакционные правки вносят. Сравнивают. Мы из этого пытаемся себе удачную формулу выбрать. Поэтому да, ориентация на мировое сообщество, безусловно, шла. Мы тоже часть этого мира. Если кто-то смог лучше сформулировать, то почему бы не обратиться. Мы все пропишем, и все будет понятно», — резюмировал спикер.

Напомним, инициированный депутатами законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав ребенка» 15 сентября в первом чтении принял Мажилис.

ВСТРЕЧИ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВ

ТОКАЕВ ПРИЗВАЛ ИНИЦИНИРОВАТЬ

НЕФОРМАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ С ТАЛИБАМИ

В Душанбе прошла сессия Совета коллективной безопасности организации договора о коллективной безопасности (ОДКБ).

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, президент Беларуси Александр Лукашенко, президент Кыргызстана Садыр Жапаров, президент России Владимир Путин (в режиме видеоконференцсвязи), президент Таджикистана Эмомали Рахмон, премьер-министр Армении Никол Пашинян, а также генеральный секретарь ОДКБ Станислав Зась провели встречу в узком составе, затем переговоры были продолжены с участием членов делегаций.

В ходе визита в Таджикистан Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев высказался о необходимости диалога с новыми властями Афганистана, передает корреспондент Tengrinews.kz.

«Уважаемые коллеги, странам ОДКБ и ШОС также следует инициировать неформальный диалог с новыми властями Афганистана. Подобные коммуникации позволят оценить реальные намерения талибов (организация запрещена в Казахстане решением суда. - Прим.), сформировать общее видение угроз, региональной стабильности и восстановить торгово-экономические связи с этой страной», - сказал Токаев на совместном заседании глав государств ОДКБ и ШОС в Душанбе.

Он отметил, что на данном этапе речь не идет об официальном признании.

«Подчеркну еще раз, многое будет зависеть как от дальнейших практических шагов новой администрации, так и от соответствующих решений Совета Безопасности ООН», - добавил Касым-Жомарт Токаев.

Президент Казахстана выразил надежду, что совпадение интересов и совместные усилия ШОС и ОДКБ позволят повысить общую эффективность усилий по решению актуальных проблем безопасности и устойчивого развития региона. Токаев отметил, что в скором времени Афганистан может столкнуться с острым продовольственным кризисом.

«Эта беда неминуемо перешагнет границы Центрально-Азиатского региона и по своим последствиям приобретет глобальный масштаб в первую очередь из-за миграции населения. Но сейчас принципиально важно не просто ставить диагноз, а переходить к конкретным действиям. На уровне наших стран и организаций следовало бы оперативно построить гуманитарный мост помощи народу Афганистана», - сказал Президент.

Касым-Жомарт Токаев предложил организовать в Алматы гуманитарный хаб для доставки помощи Афганистану. «Нам не нужны большие игры». Что предложил Токаев на саммите ШОС Президент Таджикистана Эмомали Рахмон предложил создать вокруг Афганистана надежный пояс безопасности на пути возможной экспансии террористических группировок.

● ХОРОШИЕ НОВОСТИ

У КАЗАХСТАНА ИЗМЕНИТСЯ ТЕЛЕФОННЫЙ КОД

Телефонный код изменится в Казахстане с +7 на +997. Об этом сообщил министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Багдат Мусин в Facebook, передает Tengrinews.kz.

«С прошлого года мы работаем с телекоммуникационными компаниями, чтобы добиться уникального для Казахстана международного кода. В результате этих переговоров у нашей страны появился независимый код +997. Готовятся соответствующие документы, принимаются меры по переходу на новый код», — написал Багдат Мусин.

Кроме того, по словам министра, когда казахстанцы будут звонить за рубеж, на телефонах иностранцев будет отображаться слово «Казахстан».

Как сообщили в пресс-службе Министерства цифрового развития, вместо телефонного кода +7, который также закреплен за Российской Федерацией, Казахстан зарезервировал +997 в Бюро стандартизации электросвязи Международного союза электросвязи (МСЭ). С операторами связи проработан план перехода на новый международный телефонный код на сетях связи. Согласно регламентациям МСЭ с администрацией связи России будет проработан вопрос выхода Казахстана из зоны нумерации +7. После завершения процедуры международный союз присвоит Казахстану новый код. Ожидается, что полный переход на код +997 даст Казахстану возможность независимо распределять национальный ресурс нумерации и позволит расширить национальную систему по числу абонентов и услуг. По планам министерства Казахстан перейдет на новый национальный код с января 2023 года. При этом с момента присвоения новый и старый коды могут быть использованы параллельно в течение двух лет. Полный переход ожидается с 2025 года.

«Стоит отметить, что после выхода из состава СССР международный телефонный код +7 закрепился за Российской Федерацией и Республикой Казахстан. Он используется в соответствии с соглашением от 17 июня 2006 года “Об использовании нумерации 7-зоны всемирной нумерации” (подписанным 17 июня 2006 года между администрациями связи двух стран)», — добавили в ведомстве.

ВАКЦИНАЦИЯ

НОВЫЙ ШТАММ КОРОНАВИРУСА «ЕТА»

МИНИСТР ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК АЛЕКСЕЙ ЦОЙ СООБЩИЛ О ТОМ, ЧТО В КАЗАХСТАНЕ ЗАФИКСИРОВАЛИ ЕТА «НИГЕРИЙСКИЙ» ШТАММ КОРОНАВИРУСА, ПЕРЕДАЕТ МИА «КАЗИНФОРМ».

«Министерством здравоохранения проведено генетическое исследование коронавирусной инфекции методом секвенирования положительных лабораторных образцов, полученных от заболевших КВИ в июле-августе текущего года. По итогам секвенирования в 96 образцов в Республике Казахстан установлена циркуляция штаммов (Delta “Индийский штамм” — 57 (59,4%), Alpha “Британский” — 24 (25%), “Уханьский” коронавирус — 10 (10,4%) и Eta “Нигерийский” — 5 (5,2%). Циркуляция Eta “Нигерийский” штамма установлена в 4 регионах (Карагандинская — 1, Мангистауская — 2, Павлодарская — 1, Нур-Султан — 1)», — сообщил Алексей Цой в Facebook.

По словам министра, о появлении «Eta» штамма стало известно в декабре 2020 года, первые случаи заболевания были выявлены в Нигерии и Великобритании. По данным Всемирной организации здравоохранения на 15 сентября 2021 года «Eta» штамм выделен в 77 странах мира, по категории ВОЗ относится к штаммам, требующим «наблюдения». Клинические признаки такие же, как у Alpha (британский) и Beta (южноафриканский) штаммов (высокая температура, кашель, потеря обоняния и вкуса, более тяжелое заболевание и т. д.).

«В этой связи Министерство здравоохранения призывает каждого казахстанца проявить заботу о сохранении собственного здоровья и здоровья своих близких и родных. Единственным действенным способом защиты от инфекции и госпитализации является завершенный курс вакцинация против COVID-19. Также для уменьшения риска распространения вируса необходимо соблюдение всех профилактических мер: ношение масок, соблюдение социальной дистанции, гигиены рук, проветривание помещений и т. д.», — резюмировал Алексей Цой.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қылышын сүйретіп қыс келеді

ОҢТҮСТІК АФРИКАДА ҚАР ЖАУДЫ. БҰЛ АҚПАРАТ «АДЫРНА» ҰЛТТЫҚ ПОРТАЛЫНАН АЛЫНДЫ. АЛ, «БІЗДЕ НЕ БОЛАР ЕКЕН» ДЕГЕН ДАНАГҮЛ ҚАЗИХАН ӘЛЕМДЕГІ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРІП ЖАТҚАНЫН МЕҢЗЕП, ҚАЗАҚСТАНДАДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ АПТАП ЫСТЫҚ БОЛЫП, ЖАУЫН ШАШЫННЫҢ СИРЕГЕНІН ТІЛГЕ ТИЕК ЕТКЕН.

Жазы 55-60 градусты көрсетіп, ұдайы шөл дала болып тұратын Африка елінің Камерун аумағында қар жауып, оның арты қатты бұршаққа ұласып, тұрғын үйлер зақымданып, егістіктері қоғадай жапырылып кетіпті. Мұны табиғат апаты дейсіз бе, әлде атмосфералық ауа райының құбылуына балайсыз ба, өз еркіңіз.. Әлем ғалымдарының дабыл қағуы бойынша, ауа райының жылдан жылға күрт жылуы,

Антарктидадағы мұздықтардың еруіне, экологиялық ахуалдың ушығып тұрғанын ұдайы айтып келеді. Құдай жаманшылықтың бетін аулақ қылсын. «Ескіні елемесең жаңаның жаңғыруы екі талай» демекші, осыдан бір ғасыр бұрын Торғайда жұт болғанын тарих беттерінен парақтап көруге болады. 1922 жылы Торғайда октябрьдің басынан бастап, сәуір айының 20-на шейін қар кетпей, халық орасан жұтқа ұшырап, мал тұқымы тегіс қырылғанын кәрі тарих айтып тұр. 1959 жылы Алматы облысында қыс қатты болып, Ақсу, Қапал, Сарқан аудандарында мал қырылып, шопандар таяғын қолдарына ұстап қалған кезеңдер де болған. Ал, 1965 жылы құрғақшылық болса, 1969 жылы қыс қатты болып, мал шығыны болғанын көне көздер айтып жүр. 1970 жылы осы Ақсу, Қапал аудандарында қыс қатты болып, жергілікті билік интернатта жататын шопанның балаларын сабақтан босатып, ата-аналарынакөмектесуге жіберген. Сондай-ақ, Қапалдың орталығы, «Премиальный Революция» совхозының шопаны қардың қалың түсуінен және ауа райының құбылып тұман басуынан таулы аймақта мал бағып жүріп іztүссіз жоғалып кетеді. Марқұмның сүйегін ерте көктемде қар ерігенде табылғанын көне көздер айтады. Тіпті, XXI ғасырдың басында, 2010 жылы қар қалың түсіп, Кербұлақ ауданының Қоғалы ауылында ел көшеге шыға алмай қиналған. Сол кезеңде қар тазалауды Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданы тендерді ұтып, мердігер қыстың көзі қырауда Қоғалыдағы қалың қарды тазалауға мүмкіндігі болмаған. Қыс бойы қар кешіп қалтыраған халық, көктемде омбы қардың еруінен сел мен батпақ кешіп әуреге түскен-ді. Өткен жылы әлемді дүрліктірген індеттен толық айыға алмай жатқанда, бүйірден соққан қуаңшылықтан Батыс, Солтүстік және Оңтүстіктегі Қызылорда облыстарында аптап ыстықтан тұяқты малдар түртіп жейтін азық таппай, жадыраған жазда қырылғанын айтсақ, алдағы қыстың жайы алаңдатады. Өйткені, «жаз аптап ыстық болса, қыс қатты болады» деген ырымға сенген халық алдағы қыста ел жұрт күн көрісіне айналған төрт түлік қыстан қысылмай шығады ма деген екі ұдай күйде отыр.

Дәл осы қысқы маусымға дайындық барысын 14-ші қыркүйекте үкімет басшысы Асқар Маминнің өткізген селекторлық жиынында, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында қысқы маусымға дайындық жұмыстары көңіл көншітпейтіні, КТК және 31 телеарнасындағы жаңалықтарда айтылды. Осы сауалдарға байланысты редакция Алматы облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқарма басшысының орынбасары Бағлан Абылқанұлына жолығып, Жетісу өңірінің алдағы қысқа дайындығын сұрап білдік. Бағлан Абылханұлының айтуынша, Алматы облысы бойынша, 2020-2021 жылдарға жылыту маусымына дайындық қарқынды жүруде. Жалпы, облыстық бюджеттен дайындық жұмыстарына 13,7 миллиард теңге бөлінген. Оның ішінде жөндеу жұмыстарына 3 миллиард, отын қорын сатып алуға 10,4 миллиард және 1,7 миллиард теңге мекеме қаражаттарының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге жұмсалмақ. Облыс көлемінде 35 орталық жылыту қазандықтары барын айтқан Бағлан Абылқасымов, 78 қазандық оның 16-на күрделі жөндеу, қалған 62-не ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. Бүгінгі күнге олар, 100 пайыз дайын екенін тілге тиек етті. Барлық бюджеттік мекемелер норматив көлемінде қатты және сұйық отынмен қамтылған. Ал, қатты отын керек ететін тұрғындарға қатысты Алматы облысына жалпы көмірдің қажетті көлемі 1,3 миллион тонна. Халыққа сатылған көмірдің көлемі 605 000 тонна. Ал, көмірдің бағасы қазіргі таңда 14000 мен 17000 теңге аралығында. 17000 теңге деп тұрғанымыз алыс аудандарға тасымалдау бағытындағы баға осы соманың ішіне кіреді. Халықтың көп тұтынатын Шұбаркөл көмірінің орташа бағасы 14500, Семей көмірі 13500-14000 теңге

аралығында. Қарағанды көмірін бізде халық колданбайды. Ол көбінесе жылыту орталықтарына арналған. Жалпы, облыс көлемінде тұрғындарды көмірмен қамту 44 пайызды құрайды. Бұл төмен көрсеткіш емес. Қысқа даярлық барысы ұдайы назарда. Аудан әкімдерімен облыс әкімінің бірінші орынбасары

Лазат Тұрлашовтың басшылығымен апта сайын жиын өтеді, тапсырма беріледі. Халыққа түсіндіру жұмыстарын қолға алу, қатаң бақылауда ұстауды тапсырып отырады. Бүгінгі күнге облыстың бюджеттік мекемелеріне 26,1 миллион литр дизель отыны қажет. Оған бес жарым миллиард теңге қаражат бөлінген. Осының 11,8 миллион литрі тасымалданды. Бұл орташа есеппен 46 пайызды құрайды. Ал, жеке мекемелердің өздеріне тоқтайтын болсақ, білім беру мекемелері 49 пайыз сұйық отынмен қамтылды. Бұл 9,7 миллион литр. Лимиттары 20 миллион. Денсаулық сақтау мекемелерінің лимиттері 4,2 миллион литр болса, қазіргі таңда 638,8 мың литр оларға жеткізілді, ол 15 пайыз. Ал, мәдениет ошақтарының лимиті 1,3 миллион литр оларға тиесілісі 1 миллион, 79 пайыз. Оның ішінде, спорт және әлеуметтік мекемелер 78 пайыз сұйық отынмен қамтылды. Бюджеттік мекемелердің барлығы дерлік қысқы маусымға дайын. Оларға қажетті отын қоры жеткізіліп жатыр. Жылу жүйесіндегі үлкен қазандықтарда мәселе жоқ. Басты мәселе тұрғындарға көмірді жеткізу мәселесі баяулап тұр. Мәселен, Ақсу ауданы 32 пайызбен ғана қамтылса, Еңбекшіқазақ ауданы 39, Іле ауданы 22, Қаратал ауданы 20 және Райымбек ауданы 34, Үйғыр ауданы 33-ақ пайызды құрап тұр. «Аудан басшылары халықпен тығыз байланыс орнатып, түсіндіру жұмыстарын жүргізулері тиіс. Қара жер, күн жылыда ауыл тұрғындары қыстық отындарын өздері қамданып жеткізіп алулары керек. Енді, бір айдан кейін жылыту маусымы басталады. Сол кездерде көмір қоймалары-на лап беретін халықтың арасында ажиотаж басталады. Сондықтан қардың жауып, күннің суытқанын күтпей, ертерек қамданғандары дұрыс болады», – дейді ол.

Иә, қамданған қапы қалмайды. Әйтседе, күннен күнге шарықтаған баға, ауыл тұрғындарының қалтасы көтере бермейтінін ескерсек, шалғай аудандар көмір тасымалдауда біраз әуре-сарсаңға түсетіні бар. Жанармай бағасының қымбаттағанын көлденең тартатын тасымалдаушылар жоғарыда айтқан бағаға отынды тұрғындардың есік алдына дейін жеткізіп, бере қойса құба-құп. Аудан орталығынан ауылдарға көмір тасымалдау бағасы шарықтаса, онда «шоқпар тисе сорлыға тиеді», – дегеннің кері болады. Өйткені, ауылдықтардың бәрінің төрт құбыласы сай емес. Олардың да арасында әлеуметтік тұрмыстары бір зейнетақы мен балалардың жәрдемақыларына қарап тұрған отбасылар бар. Алатаудың басына қар түссе, балтасын сайлайтын қараша қауымның күпті көңілі – қыстық отын сумен, төрт түлік малдың жайы болып тұр. Әсіресе, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары биылғы қуаңшылықтан қыстық мал азығының тапшылығын айтып, қазірдің өзінде дабыл қағуда. Қылышын сүйретіп қыс келіп, аяз қысып берсе, қорадағы малдың жайы не болмақ деген ауылдықтардың алаңдауы заңдылық. Алла жұттың бетін әрі қылсын, ел аман жұрт тыныш болсын ағайын.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АМАНДЫҚ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

КӨЛІГІН КЕПІЛГЕ ҚОЙЫП, ЖАРЫСҚА БАРҒАН СПОРТШЫ

СПОРТ – ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ. ОНЫМЕН ЖАС ТА, ЖАСАМЫС ТА АЙНАЛЫСА АЛАДЫ. ТІПТІ, ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕ ҚЫТАЙЛЫҚ, СЕКСЕНГЕ ТАЯҒАН АРДАГЕР ТУРНИКТЕ ШЫР КӨБЕЛЕК АЙНАЛЫП, ҰРШЫҚША ИІРІЛІП ЖҮР.

«Спорт денсаулықтың басты кепілі», – деп дәрігерлер де ұдайы айтып келеді. Жаяу жүріңіз, көп қимылдаңыз, денеңіз үнемі қозғалыста болсын дейді. Спортты жанына серік етіп, түрлі Азиялық және халықаралық жарыстарда олжа салып жүрген жасөспірімдер, жастар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен ардагер спортшылар неге мақтау мен марапаттардан құр қалып жүр?! Олимпиада шыңын бағындарған жүзден жүйрік шыққандар атақ-даңққа бөленіп, құрметтеліп, қомақты қаржы, бастарына үй, астарына темір тұл-пар мінуде. Әрине, бұл да керек. Себебі, мемлекеттің атын шығарып, спорттағы айбынын көрсететін спортшылар. Бюджет қаражатынан жаттығу залдарында, олимпиадаға дейінгі төрт жыл аралықта күндіз-түні, маңдай терлерін төгеді. Олардың жандарында бапкерлер, дәрігер жүреді және спортшыларға құнарлы тағамдар беріліп, бір сөзбен айтқанда қажетті мүмкіндіктердің бәрі жасалады. «Судың да сұрауы барын» олар да жан-тәнімен түсінеді. Бар ғұмырын спортқа байлағандардың еңбектері ерен екенін ешкімде жоққа шыра алмайды. Боз кілемде арыстандай алысып, рингте жұдырықтасып, тонна-тонна ауыр салмақ көтергендер жарақаттан да құр алақан қалған емес.

Ал, олимпиадалық тізімде жоқ, «қол күресі мен кір тасын» саусақпен көтеріп, Азияны 2011 жылдан бері бағындырып, рекордтар кітабына кірген ардагер спортшы Абдуали Тастановтың ерен еңбегі неге еленбейді?! Сонда, олимпиада шыңын бағындырғандарды ғана қадірлеп, өзге спортшыларды өзекке тепкеннен кім ұтты, кім ұтылды.. Оларда түрлі жарыстарға барып, қазақ мемлекетінің атын шығарып, туын көкке көтеріп, әнұранын асқақтатып, елге – алтын, күміс, қола медальдар әкеліп жатқан жоқ па. Қала берді ауыл спортын көтеріп, өзі ғана чемпион болып қана қоймай, баулыған спортшылары толағай табысқа жетседе, не аудан әкімі Алмас Әділ, не облыс әкімі Амандық Баталов бір жылы сөздерін айтуға жарамапты. Сонда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ауыл спортына баса көңіл бөліңдер» деген тапсырмасы қайда қалады?! Жалпы, спортты қала, дала деп бөлуге болмайды. Рас, қалалы жерде спортқа жақсырақ жағдай жасалған. Аудан орталықтарында бірлі жарым спорт кешендері бар. Ал, ауылды жерде туған өлкесіне жаны ашыған, үлкен меценаттар болмаса, ауыл мектептерінің спорт залдарында және кішігірім ғимараттарда спорт залы деген аты бар да, заты жоқ. Тіпті, ғимараттарда жаттығу жасап жүргендер де бар. Ал мақала авторы Абдуали Тастанов та спорт залдың жоқтығынан өз үйінде жаттығып, бапкерінен ақыл-кеңес алу үшін, Алматыға 250 шақырым ары-бері таксимен қатынап, жаттығуларға қатысқанын айтады. Спортты жан тәнімен сүйіп, өміріне серік еткен азамат ардагерілік жасқа келгенде олимпиадалық тізімге кірмеген. Айтуынша, қол күресі мен кір тасын көтеруден чемпиондық дәрежеге сан мәрте

жеткен екен. Ол бұл салада өзі ғана жетістіктерге жетіп қоймай, 43 жасөспірімді спортқа баулуда. Үйреткен шәкірттерінің арасында мүмкіндігі шектеулі бала да бар екен. Биыл тамыз айында Азиялық ойындардың жарысы Алматыда өткен. Карантиндік шараға байланысты 9 мемлекеттен келген спортшылар арасында республика бойынша Алматы облысының жасөспірімдері үш алтын, бір күміс, бір қола алып, республиканың да, облыстың да мәртебесін көкке көтерді. Алайда, алтынмен апталып, күміспен қапталып, қоламен қоржын толтырып, елдің абыройын асқақтатқан спортшылар елеусіз, ескерусіз қалыпты. Облыс әкімі А.Баталов, аудан әкімі А.Әділ құттықтап, бір ауыз жылы сөз айтуға жарамаған. Азиялық және халықаралық жарыстарға бару үшін ардагер жаттықтырушы қаржы іздеп, қара терге түсіп жүр. Мәселен, Алматыда өткен азиялық жарысқа қатысуға мүгедек балаға «мүгедектер қоғамы» жол ақысын көтерсе, қалған екі бала өз қаражаттарымен, ал А.Тастановтың жол ақысын облыстық спорт басқармасы көтерген. Спортшылардың жеткен жетістігі тек жеке өз бастарына ғана емес, аудан, облыс, қала берді, республиканың абыройын асқақтатып тұр. Егер олар Азиялық масштабтағы жарыстарда оза шауып келсе, облыс басшысынан бастап аудан әкімдігіне дейін құрмет көрсетіп, өзгелерге неге үлгі-өнеге ретінде көрсетпейді. Мәселен, А.Тастанов Жапонияда өтетін жарысқа баруы үшін қаржы таба алмай, астындағы мініп жүрген көлігін кепілге қойып, несиеге қаржы алып жарысқа барған. Бойындағы бұла күшпен, қажыр-қайратына сенген ардагер Жапониядан алтынмен оралады. Алайда, жергілікті билік спортшының бұл жетістігін тағы да, елеп ескермеген. Шығынға белшеден батқан ардагер, күні бүгінге дейін кепілге қойған көлі-гін қайтарып ала алмай жүр. 2019 жылы Алматы облысына іс сапармен келген мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова «Нұр Отан» партиясында облыс тұрғындарын жеке қабылдағанда, ардагер спортшы А.Тастанов та министрдің қабылдауында болған. Ол жеткен жетістіктерін айтып, алған алтын медальдарын көрсетіп, жарысқа барудың қиындығын, кепілге қойған көлігін қайтара алмай жүргенін айтыпты. Министр сол арада облыстық «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары Жанболат Жөргенбаевқа ардагерге көмектесу керектігін айтып, егер көмектесе алмаса, өзім көмектесем, – деген екен. Министрдің алдында уәде берген «Нұр Отан» партиясының сол кездегі бірінші орынбасары Ж.Жөргенбаев (бүгінде Алматы облыстық маслихат хатшысы) сол уәделерінен тайқыған. Алдарына бірнеше рет барған спортшыға «Алаһу акбар» деп беттерін сипап, арқасынан қағып, шығарып салыпты. Ж. Жөргенбаевтан кейін «Нұр Отанды»басқарған Ғалиасқар Сарыбаевта көмектесем деп жүргенде ауданға әкім болып кетті, – дейді ардагер спортшы. Облыс әкімі Амандық Баталов жиында, болмаса басқа басқосуларда Абдуалиды көрсе «қалың қалай, кез келген уақытта маған кел, қабылдаймын» – дейді екен. Бірақ, сан мәрте облыс әкімдігіне барса, әкім «анда жүр, мында жүр, жиналыс өткізіп жатыр, қабылдай алмайды» деп әкімдіктің бірінші қабатынан қайтарып жібереді деген спортшының – облыс әкімі Амандық Баталовқа да өкпесі қара қазандай... Мені облыстық жол басқармасы басшысы болған Ержан Бәкірбайұлына тапсырып қойған. Ол кісі қазір Талдықорған қаласы әкімі болып тағайындалды. «Оның орнына барған жас жігітке барсам, маған әкім ондай тапсырма берген жоқ деді. Әбден сүйкімім кетті». 2011 жылдан бері Азияны бағындырып, 18 алтын медалін иеленіп, Москва қаласында өтетін Халықаралық турнирді алты жыл қатарынан бағындырып, рекордтар кітабына, 32 киллограмм кір тасын бір саусақпен 15 рет көтеріп, 60 жасқа келгенде көрсеткен спорттық көрсеткішін басшылық елеп, ескермегеніне налиды. Қолдаушысы, қорғаушысы жоқ ардагер өзге республикаларда және шет мемлекеттерде мұндай көрсеткіш көрсеткен спортшыларын алақанда аялап, ұстайтынын айтады. Қазақстанда спортқа баса назар аудару керек деп ауызбен айтылады. Ал, іс жүзінде бәрі басқаша, олимпиадалық тізімде бар спортшыларға жан-жақты жағдай жасалып, бізді қалтарыста қалдырды. Қол күресі мен кір тасын көтеру саласы мемлекеттік бюджетке енгізілмей қалған. Бізді көрсе әкім-қаралар осылар-ақ, жылу жинап, қайыр сұрағаннан жалықпайды екен деп айтатын шығар... Әйтпесе, Парламент, Сенат, тіпті, жергілікті мәслихат депутаттары өңірге жауапты облыс, аудан, қала әкімдері бар, неге жоғарыға дабыл қағып, олимпиадалық тізімге кірмеген спорт жарыстарын қаржыландырмасқа. Меніңше, осыны Президент пен үкіметке дұрыс жеткізсе, қолдау табатынына кәміл сенемін. Содан кейін, спортты ардагерлер, жастар деп бөлудің өзі артық. Олимпиада чемпиондары алтын, күміс, қола алған-дар, тіпті жүлдесіз оралғандарда елеусіз қалып жатқан жоқ. Ал, біз жасымыз да, жасамысымыз да алтын, күміс, қола алып, елдің әнұранын, көк байрағын Азиялық, халықаралық жарыстарда сан мәрте көтерсек те, марапат тұрмақ, бір ауыз жылы сөз ести алмай, құсадан өлетін болдық. Тым құрыса, жарысқа бара жатсыңдар деп ақ тілек айтып шығарып салып, құрметпен күтіп алса, бізге сол да үлкен күш беретін еді ғой.. «Үй бер, жағдай жаса» – деп жатқанымыз жоқ, тым құрыса кепілге қойған ескі көлігімді алып беруге жардемдеседі. Өмірімде бір-ақ рет, 2018 жылы үздік спортшы атағы беріліп, 150 мың теңге мемлекет тарапынан алыппын. Қол күресі деген өте қиын спорт түрі. Мұнда үнемі денендегі сіңірлер қатып тұруы керек және оған арналған арнайы тағамдар бар. Олар біздің түсімізге де кірмейді, ішкенде емеспіз. Оны алатын қаражатымыз да жоқ. Ұдайы жаттығатын тренажерлер болуы керек. Олда жоқ. Кейбір дүниелерді темір жонатын токорларға барып, тапсырыс беріп жасатып алам. Сонда да, чемпи-он болып жүрміз. Алла бұйырса, қараша айында Румынияның «Бухарест» қаласында әлемдік масштабта осы қол күресі мен кір тасын көтеруден үлкен жарыс өтеді. Қазір соған қызу дайындық үстіндеміз. Алайда, осы жарысқа барғанға қаржы таппай, демеуші іздеп, әкімдік пен кәсіпкерлердің босағасын тоздырып жүрміз. Бұл жарысқа әлем бойынша 1500 спортшы қатысады. Онда жасөспірімдер, жастар, ересектер, ардагерлер және мүмкіндігі шектеулі жандар бақтарын сынайтын болады. Жаттықтырып жүрген 43 баланың ішінен үш баласы спорт шеберлігіне үміткер екенін айтқан ардагер спортшының үлкен ұлы Асқар Абдуали дзюдо күресінен Алматы облысы бойынша чемпион. 2005 жылы дүниеге келген баласы Асхат мектеп қабырғасында білім алады, ол да дзюдомен айналысады.

ТҮЙІН ОРНЫНА: *Ардагер спортшының мұң мен зары облыс әкімі Амандық Баталовқа жете ме, жетпей ме, бізге беймәлім. Алайда, біздің жергілікті билікте қатып қалған қағида бар. «Бұл спорт түрін дамытуға бюджеттен қаржы қарастырылмаған. Сондықтан жәрдемдесе алмаймыз. Демеуші тапсаң, өздерің бара беріңдер», – деген ұстанымға желімдей жабысып қалған. Басқа-басқа, маған кез келген уақытта қабылдауыма келуіңе болады деген өңір басшысы Амандық Ғаббасұлына жолатпай жүрген шолақ белсенділер ауыл спорты үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, жастардың шымыр болып өсуіне атсалысып жүрген ардагерді облыс әкіміне кіргізбей жүргенін қалай бағамдауға болады?! Өздерінің қолдарынан қолұшын созу келмеген соң, тым құрыса Амандық Баталовпен жүздесуге мүмкіндік жасау олардың қызметтік парызы емес пе? Ардагер спортшыны әкімдік маңайына жолатпай, кеудесінен неге кері итеріп жүргенін Амандық Ғаббасұлы білмейді, білсе, екі аяқтарын бір етікке тығар еді. Бұл енді «байдың асын, байқұс қызғаныпты» дегеннің кері емес пе...*

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 27 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.50 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.20 «Күміс-көмей»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,21.30 Т/х «Самалмен сырласу»
13.00, 17.00, 20.00, 01.25 Aqparat
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 Apta
15.50 «Ер Қанаты»
16.00, 23.30 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Сана»
02.00 «Ashyq Alan»
02.50 «Теледәрігер»
03.40 «Ер қанаты»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем Әуен
11.15, 21.30 Т/х «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.45 Т/с «Близнец»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
01.30 «Discovery : Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Астана таймс»
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 «Әзілстан»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Рикошет»
01.10 Х/ф «Лучшие враги»
02.15 Т/с «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.10 Т/х «Журналист»
09.10 «Дружба особого назначения»
11.15 «Человек без сердца»
15.40 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.35 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 «Морские дьяволы. Особое задание»
01.50 «Одиночка»
03.20 «Әйел қырық шырақты»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Сильные духом»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгі дін»
22.30 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Әзіл студио
07.00 Неге?
08.20 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «Мстители. Война бесконечности»
14.30 «Лило и Стич»
15.30 «Волки и Овцы. Ход свиньей»
17.00 «Суд идет»
18.00 What's up?
18.20 «Иван Царевич и серый волк-4»
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
21.50 «Такси-5»
00.00 Д/ф «В мире чудес»
01.00 Кел, татуласайық!
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Подари мне жизнь»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
17.50 «Три в одном»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Скорая помощь»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.40 Т/х «Арам ақша.Адал махаббат»
00.40 «Маусымашар-2021»
02.00 «Орел и решка»

Открыто наследственное дело на имущество умершей Шараповой Нины Ивановны умершая 27 марта 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу по адресу: г. Талдыкорган, улица Балпык би №39,Нургазиновой Гульзире Науановне, тел: 32-92-96.

Сейсенбі - Вторник, 28 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 02.55 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 Т/х «Самалмен сырласу»
13.10, 17.15 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.00, 03.30 «Мәселе»
15.35 «Бір пьесаның ізімен»
16.00, 23.30 «Қанатсыз құстар-2»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол «Манчестер сити»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.15 Т/с «Близнец»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тарих айнасы »
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 Д/ф «Моя история»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 Үздік әзілдер
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 Әзілстан

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15, 03.25 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 «Рикошет»
01.10 «Лучшие враги»
02.15 «Две судьбы-2»
04.05 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х «Журналист»
09.20 «Новости»
10.00 «Было дело»
11.00 «Морские дьяволы. Особое задание»
13.20 «Другие»
15.40 «Старший следователь»
17.00 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.35 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Другие»
00.00 «Морские дьяволы. Особое задание»
01.50 «Одиночка»
03.20 «Әйел қырық шырақты»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Безбен»
15.30 «Бүгінгі дін»
16.30 «Единый народ»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қарақат мектеп студиясы» концерті 1-бөлім
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Әзіл студио
07.10 Информбюро
08.20,17.00 «Суд идет»
09.20 «Иффет»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «What's up»
14.30 «Триггер»
18.00 «Идеальная игрушка»
19.55 Зейнет.кз
20.00 Информбюро
21.00 «Ворон»
21.50 Х/ф «Больше, чем любовь»
00.00 «Идеальная игрушка»
01.40 Кел, татуласайық!
03.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
11.00, 17.50 «Сериал «Три в одном»
11.10, 19.30 «Скорая помощь»
13.45 «Q-елі»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 «Родком»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.40 «Арам ақша. Адал махаббат»
00.40 «Маусымашар-2021»
02.00 «Анна детектив»

Сәрсенбі - Среда, 29 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00, 02.55 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00, 21.30 «Самалмен сырласу»
13.10, 17.15 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.00 «Тәуелсіздік тарландары»
15.35 «Бір пьесаның ізімен»
16.00, 23.30 «Қанатсыз құстар-2»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол «Манчестер сити»
03.30 «Тәуелсіздік тарландары»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Миссия – интелектуальная нация»
10.45 Әсем Әуен
11.15, 21.30 «Рауза: Сакураның гүлдеуі»
13.00 «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.15 Российский сериал
18.00 «Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
01.15 «Discovery: Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.20 Т/х «КЭ БЭК»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
16.20 «Аладдин»
17.30 Т/х «Ана»
20.00, 01.40 «Astana times»
20.55 «Loto 6/49»
00.50 «Келіндер»
02.10 «Біреудің есебінен»
02.55 «KazNet»
03.15 «Үздік әзілдер»
03.50 «Отбасы»
04.35 Той жыры
05.05 «Сырты бүтін»
05.30 Әзілстан

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Руские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.40 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Рикошет»
01.10 «Лучшие враги»
02.15 «Две судьбы-2»
03.25 «112»
04.05 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 «Журналист»
09.20 НОВОСТИ
10.00 «Было дело»
11.00, 00.00 «Морские дьяволы. Особое задание»
13.20 «Другие»
15.40 «Старший следователь»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Розыгрыш от «Halyk Bank»
10.05What`s up?
11.00 «Села полетела»
12.00 «Алладин»
12.30 М/ф «Лило и Стич»
13.00 «Геракл начало легенды»
15.00 Х/ф «Помпеи»
17.10 Х/ф «Громобой»
19.10 Х/ф «Петля времени»
21.20 Х/ф «Человек муравей и оса»
23.40 «Экстрасенсы против детективов»
02.00 «Тамаша live»
02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Япырай»
08.00, 16.00 Скетчком «Q-eli»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Айна-online»
10.30 Х/ф «Мама будет против»
16.15, 03.20 К/ф «Бауырым»
19.00 Х/ф «Широко шагая»
21.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
23.00 Х/ф «Разведка»
01.00 «Рокки 3»
05.10 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗҚ» АҚ аймақтық желісіндегі өзгерістер туралы

Өңірлік бөлімшелердің ұтымды ұйымдастырушылық құрылымын құру бойынша жүргізілген жұмыс шеңберінде бизнес-процестерді автоматтандырудың қазіргі деңгейін ескере отырып, «БЖЗҚ» АҚ аймақтық желіні қайта құрды.

Жезқазған қаласындағы Өңірлік филиалы жабылып, кейіннен Жезқазған қаласында қызмет көрсету орталығы құрылды (бұдан әрі - ҚКО) және ол Қарағанды облыстық филиалының құрамына енгізілді. Сәтбаев пен Қаражал қалаларында бұрын Жезқазғанға тиесілі қызмет көрсету орталықтары да енді Қарағанды облыстық филиалына бағынады.

Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта БЖЗҚ -да 183 қызмет көрсету тірегі бар. Жалпы алғанда, бірінші жартыжылдықта қор салымшыларына (алушыларға) 1 миллионнан астам қызмет, дәлірек айтқанда, 1 284 489 қызмет көрсетілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 556,4 мың қызметке (немесе 76,4%) көп.

Бұл ретте, БЖЗҚ-дан кейбір қызметтерді, мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, мәліметтерді өзгерту және т.б., ENPF мобильді қосымшасы және enpf.kz корпоративтік сайтындағы жеке кабинет арқылы үйден шықпай-ақ алуға болатынын еске саламыз.

Сонымен қатар, «БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның ұлттық пошта операторының филиалдарында шалғайдағы елді мекендерде қызмет көрсету жөніндегі бірлескен жобасының арқасында Қазпошта бөлімшелерінде Қор салымшылары (алушылары) келесі операция түрлерін орындай алады:

•салымшының (алушының) қосымша мәліметтерін өзгертуге (толықтыруға) өтініш беру (жеке куәлік, телефон нөмірі, электрондық және пошталық мекен-жайлар);

•ақпараттандыру әдісін өзгерту (айқындау) туралы келісімге қол қою (оның ішінде БЖЗҚ АҚ қызметтеріне электронды форматта қол жеткізу үшін).

Сіз БЖЗҚ қызмет көрсету орталықтарының тізімін enpf.kz сайтының «Байланыс» бөлімінен таба аласыз.

Жыл басынан бері БЖЗҚ салымшылары 24 миллионнан астам қызмет алды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2021 жылдың жеті айында өз салымшыларына 24 миллионнан аса қызмет көрсетті. Бұл өткен 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47 % көп.

Салымшылар мен алушыларға электрондық форматта көрсетілген қызметтер бұрынғысынша басымдыққа ие. Жыл басынан бері сандық технологиялардың көмегімен шамамен 17,3 миллиондай қызмет көрсетілді, ол жалпы көлемнің 72% тең. Былтырғы жылмен салыстырғанда, онлайн қызметтердің танымалдылығы бір жарым еседен аса өсті.

БЖЗҚ өз қызметтерінің көптеген түрлерін автоматты форматқа ауыстыруда. Қазір міндетті және ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарын қорға жүгінбей-ақ, автоматты режимде (алғашқы жарна түскен кезде) ашуға болады. Уәкілетті операторлардан түскен өтініштер бойынша арнайы шоттарға біржолғы зейнетақы төлемдері де аударылып, тағы басқа да қызметтер көрсетіледі. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 тамызына дейінгі аралықта осындай операциялардың шамамен 4,3 миллионы іске асырылды, ол барлық көрсетілген қызметтер көлемінің 17,7%.

Салымшыларға шамамен бір жарым миллиондай қызмет жүзбе-жүз көрсетілді. Олардың ішінде 1,4 миллион қызмет, тікелей қордың қызмет көрсету кеңселерінен алынды. Ол былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бір жарым есе артық.

Қорда, сондай-ақ, барып қызмет көрсету бөлімдері де іске қосылған. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштер) және халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсету (1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар) туралы өтініштерді ресімдеу үшін барып қызмет көрсетуге қажеттілік туындаған жағдайда, қор мамандары барлық санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, сапарға шығады. Барып қызмет көрсету барысында 2021 жылдың басынан бастап 46 247 операция жүзеге асырылды.

БЖЗҚ-ның ең танымал қызметі – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. ЖЗШ-дан үзінді көшірме 21 миллионнан артық рет берілді, олардың 71% көбі электрондық форматта іске асырылған.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында БЖЗҚ мамандары қажетті мекенжайлар бойынша 8,4 мыңға жуық тұсаукесерді барып көрсетті, оларға 170 мыңдай адам қатысты. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты мекемелер мен ұйымдардағы тұсаукесерлер онлайн және офлайн форматта өткізілуде.

Осы кезең ішінде БАҚ-та 20 мыңнан аса ақпараттық-түсіндіру материалдары жарияланды.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2021 жылдың жеті айында кері байланыс арналары арқылы салымшылардың 1 миллионнан аса өтініші тіркелді, ал былтырғы жылмен салыстырғанда берілген кеңес саны 23,7% артық.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығында кеңес ала алады. Сондай-ақ, ақыл-кеңестерді www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы алуға болады, түрлі ақпараттар Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында да жарияланған.

МАМАН МІНБЕРІ

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНІҢ КЕЙБІР НОРМАЛАРЫ

2021 жылдың 1 шілдесінен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) қолданысқа еңгізілуінен бастап, барлық облыстық және Республикалық маңызы бар қалаларда жарияқұқықтық қатынастардан туындайтын осы Кодексте көзделген даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жататын мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмыстарын атқаруда.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Талап қоюдың нысанасын айқындау кезінде сот талап қою талаптарының тұжырымдамасымен, талап қою мәтінімен және оған қоса берілген немесе кейін ұсынылған құжаттармен байланысты болмайды. Сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және (немесе) өзгертуде жәрдем көрсетуге құқылы.

Сот әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Кодекстің маңызды нормаларының бірі, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Сонымен бірге, жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Кодекспен төрт түрлі әкімшілік талап қоюлар бекітілген, соның ішінде дау айту туралы талап қою; мәжбүрлеу туралы талап қою; әрекет жасау туралы талап қою; тану туралы талап қою.

Кодекс пен сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында тәрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін ақшалай өндіріп алу қарастырылған. Сонымен бірге, соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін жауапкерден ақшалай өндіріп алу қарастырылған.

А. НҰРЖАНОВ,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы.

ҚАРУ

ОРДА КҮЗЕТЕР АЙБАЛТА

Шабу қаруының бір түрі – жүзі жалпақ, жалманы жарты ай сияқты дөңгелене келген айбалта. Айбалталардың шүйдесі тегіс, төртбұрышты, домалақ басты балға формалы типтері болады.

Қару түрлерінің ішіндегі ең ауыры, мықтысы – айбалта. Халық ауыз әдебиетінде бал¬таның бірнеше түрі аталады.

Тебінгінің астынан,
Алабалта суырысып.
Тепсінісіп келгенде,
Тең атаның ұлы едім,- деген Шалкиіз жыраудың өлеңі бар.

Айбалта жүзінің ені, әдетте 15-20 см-ге дейін жетеді. Қазақ айбалтасының басына күмістен ою-өрнек салынады. Жауынгерлік балталардың сабы қатты ағаштан жасалады, басы шығып кетпес үшін сабына қосымша екі бекітпе темірлер арқылы ұстатылады.

Қазақтың шабу қаруының бұл көп түрлі формалары кездейсоқ қалыптасқан сипат емес, әскери тәжірибеде қолдануында жауынгерлік мақсаттардың әр түрлі қажеттігінен туындаған, шабу қаруының жауынгерлік қару ретіндегі қолдану мүмкіншілігін, оның қазақтардың әскери шабуыл құралдары жүйесінде алатын орнын сипаттайтын көрсеткіш. Бұл қару түрінің қолдану әдіс-тәсілдерінің осы көптүрлілігі қазақтарда оның жауынгерлік қару ретінде XX ғасырдың басына дейін тұрақты қолданылып келуінің де негізгі себебі болды.

Қазақтың жауынгерлік балталары сабының ұзындығына қарай: қысқа, орташа, және ұзын сапты болып үш топқа бөлінеді. Ең көп қолданылатыны орташа сапты айбалталар. Ал ұзын сапты жауынгерлік балталарды жаяу әскерлер тек сарай, орда, қақпа күзеттерінде ғана ұстаған, ол карауылшыларға айбат беріп, негізгі күзет қаруы болды, олардың ұзындығы әдетте адам бойынан сәл ұзын болады. Осман Түріктері сарай күзетшілерін айбалташылар деп атаған.

Бауыржан ҚҰРБАН,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи – өлкетану музейінің аға қызметкері.

БІЛІМ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ АРҚАУЫ

«Бүгінгі білікті ұрпақ – ертеңгі білікті маман» демекші І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің «Zhansugurov College» дәл осы пікірді ұстанады. Осы орайда колледж директоры Мальтекбасов Марат Жабыкбайұлының басшылығымен колледжімізде жас ғалымдардан құралған «Ғылыми Startup академия орталығы» құрылған.

Жас ғалымдар құрамының мақсаты - терең білімге, белсенді дамуға, жаңа белестерді бағындыруға құштар жастармен жұмыс жасап, олардың әлеуметтік инновациялық жобаларын тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға жағдай жасауға бағытталған.

2019-2021 жылы «Zhansugurov college» ғылымының даму қарқыны жоғары деңгейде болды. Республикалық, Облыстық, Қалалық Startup, IT байқауларда білімгерліміздің жобалары үздіктер қатыранан көрініп, инвестициялық көмек алып жатты. Айтар болсақ, 2019 жылы Туризм мамандығының білімгері Кенже Сұңқар ұсынған инновациялық ақпараттық портал «Талдықорғанға саяхат» жобасы «Jetisý - Startup» инновациялық идеялар мен стартап жобалар байқауында III- орынға ие болды.

2019-2020 жылы Талдықорған қаласы бойынша Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері арасында өткізілген үздік әлеуметтік идеялар мен жобалар байқауына қатысып, жүлделі І және III-ші орынды иемденді.

2021 жылы Құқықтану мамандығының білімгерлері Малдыбеков Мадияр, Брімтай Лейла, Хасанова Адэлияның «QR-код негізіндегі кітап және тест жинағының жаңа үлгісі» жобасы - Жетісу университеті «Jetisý - Startup» инновациялық идеялар мен стартап жобалар байқауында II-ші орын алса, Ақпараттық жүйе мамандығының білімгері Сапар Сұлтан «Биологиялық ыдырайтын полилактидті полимерлер» жобасы III-ші орынға ие болды.

Облыстық жоғары политехникалық колледжі ұйымдастырған «IT project» жобасы – Брімтай Лейла, Хасанова Адэлия, Малдыбеков Мадиярдың жобалары – І-ші орын, Кенже Сұңқар ұсынған жоба III-ші орын алып, үздік жоба атанды.

Колледжіміздің студенттері Республикамыз бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының 52 студенттік команда қатысқан Enactus Kazakhstan National Expo 2021 байқауы жобасына қатысып, лигада 3 орын алды.

Алматы облысы әкімінің гранты «Жас Ғалым» ғылыми – инновациялық жоба байқауында Хасанова Адэлия мен Сапар Сұлтан ұсынған жоба үздік жобалар қатарына қосылды.

Республикалық колледж студенттеріне арналған «Student Energy Challenge-Junior» байқауының іріктеу қорытындысы бойынша Zhansugurov college-нің «Zhansugurov college», «IT ZH» команда құрамы финалға өтті, 20-24 қырқүйек аралығында жобаларын қорғайды.

Жобаны іске асыру бойынша жас ғалымдарымыз көптеген курсқа қатысып, түрлі шебер мамандардан кеңес алды. Атап кетсек, халықаралық технопарктің грантын жүзеге асыру IT-стартаптар «Astana Hub»; ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУ ҚОРЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ, 2021 жылдың 7-9 сәуір аралығында «Болашақты ойлап табу» Central Asia Nobel Fest II Нобель фестивалі; XNET SYSTEM; Shell NXplorers ақпараттық тыңдалымына қатысып, өз білімдерін тәжірибе жүзінде білімдерін шыңдауда.

Зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Аубакиров Елтай Нүсіпбекұлымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында студенттерімізге зияткерлік меншік және авторлық құқық туралы кеңестер берді.

Такси Талдықорған 400-400, LEATS EAT, COFFE TUT кофеханалар жүйесінің негізін қалаушылардың бірі кәсіпкер Кенжеғұлов Шыңғыс Жұмағұлұлымен кездесу өткізіп, жобаны қалай іске асыру бойынша тәжірибесімен бөлісіп, әр түрлі кеңестер айтылды.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мамандарымен жобаны жүзеге асыру сұрағымен кездесу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Startup, Хакатон, IT байқаулары пәндік олимпиада сияқты жарыс түріне айналды және жас ғалымдарды анықтап, жүлдегерлерге стартабын, жобаларын жүзеге асырғанға көмектеседі. «Zhansugurov college»-нің жас ғалымдары Халықаралық, Республикалық, Облыстық және т.б. ғылыми-инновациялық конференцияларға да қатысып, белсенділік танытып, білімдерін шыңдауда.

IT – инновациялық идеялар мен стартап жобалар байқауына белсене қатысып, «Zhansugurov college» инновациялық идеяларының дамуына үлес қосқаны үшін студенттеріміз Хасанова Адэлия, Брімтай Лейла, Өмірсерік Шолпан, Омархан Мейрамбек, Байбол Жанбол, Абдолда Амина, Марат Гүлбану, Сейткулов Мади, Кунесбек Темирлан, Сапар Сұлтан, Кенже Сұңқар колледж директоры Мальтекбасов Марат Жабыкбаевичтің алғыс хатымен марапатталды!

Қазіргі таңда елімізде ғылым саласы түбегейлі жаңару, жаңғыру үстінде. Республикамызда білікті мамандар, жақсы жетістіктер мен әлемдік деңгейдегі зертханалар бар. Олай болса колледжіміздің жас ғалымдарына жаңа биіктерді бағындыруда сәттілік тілейміз.

Г.АБЗАЛҚЫЗЫ,
Е.БЕЙСЕНБЕКОВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College» Құқықтану пәнінің оқытушылары.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИГІ-ШАРА

«ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕЛ АҒАСЫ» АТТЫ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

«АСЫЛ ТУҒАН ЖАҚСЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫ КЕҢ БОЛАР, ЕЛ АУЗЫНДА СӨЗ БОЛАР», - ДЕМЕКШІ, ЕЛ МҮДДЕСІН КӨЗДЕП, ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨРКЕНИЕТ КӨШІН ӨРГЕ ТАРТҚАН, АРҒЫ-БЕРГІ ТАРИХЫМЫЗДЫ ТҮГЕНДЕУДЕ ҚАЖЫР ҚАЙРАТ ТАНЫТЫП, БИІК БЕЛЕСТЕРГЕ ШЫҒАРҒАН ДАЛБАҒАЕВ ЕГЕУБЕК ДАДАНБЕКҰЛЫ ТІРІ БОЛҒАНДА БИЫЛ 19 ҚЫРКҮЙЕКТЕ 90 ЖАСҚА ТОЛАР ЕДІ. АБЫЗ АҚСАҚАЛ ӨТКЕН ЖЫЛЫ ӨМІРДЕН ӨТКЕН-ДІ.

Ел ішінде ерінбей еңбек етіп, көпті көріп, өмірлік үлкен тәжірибе жинаған қарияның жыл өткен сайын даналығы дариядай болды. Қадірлі ақсақал айтып қана қоймай, сөзін іске асыра білетін ел ағасы еді. Оның айтары көп, үйретері мол болған. Әттең...! Келместің кемесіне мініп кеткен Егеубек Даданбекұлының өмірі баршамызға үлгі. Мейлі жылдар, мейлі ғасырлар өтсін, оның есімі ардақты.

Саналы ғұмырын ұлт мүддесі, ұрпақ тәрбиесіне арнаған тұлғаның өнегелі өмірін насихаттау, өмірлік үлкен тәжірибесін жастарға жеткізу, үлкенді сыйлау, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында үстіміздегі жылдың 16 қыркүйегінде Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінде Егеубек Даданбекұлының 90 жылдық мерейтойына орай «Еңбегі ерен ел ағасы» атты еске алу кеші өтті. Кешке қарияның ұрпақтары, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, М.Тынышбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының, балалар көркемсурет мектебінің басшылары мен қызметкерлері, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының қызметкерлері, университет студенттері мен ақын-жазушылар қатысты.

Әдеби музейдің конференция залында телеэкраннан кеш кейіпкері жайлы бейнероликтер көрсетіліп, ұрпақтарының музей қорына тапсырған Егеубек Даданбекұлының өзі қолданған заттарынан «Қазыналы қария» атты көрме таныстырылды.

Шара барысында Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Ақсу ауданының құрметті азаматы Е.Далбағаевтың замандастары, әріптестері, жақындары, отбасы және көзін көрген басқа да азаматтардың естеліктері жазылған «Ғибратты ғұмыр» кітабының тұсауы кесілді. Айта кету керек, кітап мемлекет және қоғам қайраткері Серік Әбікенұлы Үмбетовтің басшылығымен ұйымдастырылған, құрастырушы ақсақалдың жерлесі, ақын Сағыныш Намазшамова.

Жиындағы алғашқы сөз: Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Көлбаевқа берілді. Марлен Қапашұлы Егеубек Даданбекұлының жетісулықтардың рухының көтерілуі, тарихи дүниелердің әспеттелуі барысында ел-жұртқа ағалық ақылын айтып, еңбек сіңірген жан екенін, мәдениетіміздің мәртебесін өсіріп, қарыштай дамуына үлкен үлес қосқандағы елеулі еңбектеріне тоқталып, баталы қарияның бағасын асырды.

Қария еңбек демалысына шыққаннан кейін де қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Тоқсаныншы жылдардың басында облысымызда ақсақалдар алқасы құрылып, оның алғашқы төрағасы болып сайланды. «Республикалық дәрежедегі зейнеткер» атағының иегері – Е.Далбағаев майданда және тылда ерен ерлік көрсеткен ардагерлерді қоғамдық жұмыстарға тартып, зейнеткерлердің бастауыш ұйымдарын құрғанын, олардың ерліктерін насихаттауда көптеген іс-шаралар атқарып, замандастарының ерлігі, табандылығы мен жанкештілігін жадымызда жаңғырту үшін көптеген кітаптардың жарық көруіне себепші болғанын облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Әбілмәжінұлы жеткізді.

Егеубек ақсақалдың жасынан білім құған, ой-өрісі кең, парасат-пайымы келіскен, қабілет-қарымы жалын ұстағандай жанның, өмір жолы мен атқарған қызметіне көз жіберсеңіз көңіліңіз өседі. Әртүрлі басшылық қызметтерді атқарып жүрсе де адами құндылық қасиеттерін жоғалтпаған ақсақал өзінен кейінгі ізінен ерген інікарындастарына ізеттігін аямайтын, ұрпағына ұлылығын ұялататын ұстаз да бола білді. Өзін болмысы бөлек жанның шәкіртімін деп санайтын – Сайдилдина Забира Дайранқызы білгір басшымен бірге жүріп, қызметтес болғанда да оның өмірлік бай тәжірибесінен тәлім алғанын баяндады.

Жетісу жұртшылығына белгілі қоғам және мәдениет қайраткері Егеубек Далбағаев мәдениет басқармасында басшылық қызмет атқарып жүрген кезінде өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, танылған. Сол жылдары облысымызда жаңадан көптеген мәдениет мекемелері, облыстық Б.Римова атындағы драма театры, облыстық М.Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейі, облыстық С.Сейфуллин атындағы әмбебап кітапхана, «Қазақстан» кинотеатры, Шоқан Уалихановтың «Алтын Емел» музей комплексі, Нұрмолда Алдабергенов, ақын Сара, Мұқан Төлебаев, Ілияс Жансүгіров музейлері салынып, ашылған болатын. Мұқан Төлебаев атындағы «Халық аспаптары» оркестрі құрылды. Бұрынғы Талдықорған облысы бойынша көптеген елді мекендерде мәдени-ағарту мекемелер ашылды. Қаратал, Андреевка, Сарқан, Ақсу, Қапал аудандарында аудандық мәдениет сарайлары салынып, іске қосылды. Облыстық кәсіподақтар ұйымдарымен бірлесе отырып, ауылдық жерлерде кітапханалар мен клубтардың өрісі кеңіп, сапасы артты. «Халықтық» атағы бар ұжымдар, тұңғыш «жанұялық ансамбльдер» дүниеге келді. Сонымен қатар, қазақтың Құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтің музейі күрделі жөндеуден өтіп, ғимараттың көлемін кеңейтіп, конференция залы, кітапхана, архив бөлмелерін қостырған болатын.

Кейіннен Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейін он бес жыл басқарып, ақынның артында қалған мұраларын жинап, зерттеп, он томдық жинақ етіп шығарды. Жер жерден әркімнің қолында сақталған құнды жәдігерлерді жинауда үлкен еңбек сіңірді. Ақсақалдың идеясымен «Құлагердің опат болуы» және «Күйші» поэмасына диорамалар жасалынды. Іскер басшының еңбегін Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры бағалап, 2014 жылы оқу орнының ғылыми кеңесінің шешімімен Егеубек ағамыз «құрметті профессор» атағына тағайындалды. Осы жайлы университеттің профессоры Иманғазинов Мұратбек Мүбәракханұлы әңгімелеп берді.

Болашақ ұрпақ біле жүрсін, әрі өнеге тұтсын деген ақ ниетпен кесек мінезді, өр тұлғалы, ұшқыр ойлы Егеубек Даданбекұлы жайлы ардагерлер ұйымының мүшелері Гүлжамал Есенбаева мен Шара Бөркеевалар өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Еске алу кеші өте әсерлі өтті. Егеубек Даданбекұлының сүйіп тыңдаған әндерінің бірі, Әсет Найманбаевтың «Қоңыр қазын» Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармонияның әншісі Абылайхан Хармысов орындағанда қазыналы қарияны есімізге алып, көзімізге жас үйірілді. Сондай-ақ, облыстық филармонияның әншісі Құралай Шаяхметова «Нені аңсаймын» әнімен кеш қонақтарын бір серпілтіп тастады. Ақын Жанкелді Немеребаев пен Роза Жылқайдаровалар абзал жанға арнауларын оқыды. Шара соңында Егеубек ақсақалдың баласы Әділбек Егеубекұлы және Ілияс музейінің меңгерушісі Нұргүл Қызырбекқызы келген қонақтарға ризашылықтарын білдірді.

Мәдениет саласының үздігі Егеубек Даданбекұлының еңбегіне ел риза. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, бір қауымға бас-көз бола білген ел ағасының еңбегі ерен еді. Білім беру ісін, ғылым мен мәдениет саласын дамытуға сіңірген еңбегі үшін Егеубек Даданбекұлы «Құрмет», «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендер және көптеген медальдармен марапатталған. Сондай-ақ, КСРО мәдениеті мен халық ағарту жүйесінің үздігі, ТМД елдері халықаралық ардагерлер кеңесі Құрмет белгісінің иегері атанды.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?!», - деп Ілияс ақын жырлағандай, туған елі жарты ғасыр жауапты қызметтерді абыроймен атқарған ақсақалдың мемлекет мүддесі жолындағы ерен ерлігін, аудан-аудандарға, облысқа қалдырған қолтаңбасын, жан-жағына тигізген өлшеусіз шарапатын ұмытпай, әлі күнге сағынышпен айтып жүр. Оның жарқын бейнесі әлі есімізде. Ол бейнені ешқашан ұмытпаймыз. Міне, бүгін өзі тәрбиелеп өсірген ұл-қыздары, елі Далбағаев Егеубек Даданбекұлының есімін тағы да еске алып отыр. Мұнда жақсының жақсылығы тағы да үлкен сағынышпен айтылып, келер ұрпаққа ұлағат ретінде аманатталмақ. Отбасы мен туған-туыстарына тағы да көңіл айтамыз. Иманы жолдас болып, Алла алдынан жарылқасын дейміз.

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері.

ЖАСТАР КӨЗІМЕН

«English for Jastar» жобасы

Жетісулық 15 ерікті ауыл жастарына әйгілі Шекспирдің тілін үйретпек. Алматы облысының Алакөл, Көксу, Сарқан және Талғар аудандарына қарасты 9 ауылдық округтерінде «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының «English for Jastar» жобасы жүзеге асырылуда.

Аталмыш жобаның негізгі мақсаты ауылдағы 6,7,8 9 сыныптарындағы мектеп оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеу мәнерін жоғарылату болып табылады. «English for Jastar» жобасы облысымызда екінші мәрте жүзеге асырылып отыр. 2019 жылы бастау алған жоба аясында 1000 мектеп оқушысы ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын меңгерген болатын. Ал, биылғы жылы Jas Otan-дық еріктілер 300 мектеп оқушысының ағылшын тілінде сөйлеу деңгейін арттыруды көздеп отыр.

Облысымыздың қалаларында және аудан орталықтарында ағылшын тілін үйрететін сан түрлі орталықтардың бар екендігі рас. Бірақ, ауылды жерлерде олар жоқ қой. Оның үстіне, ағылшын тілін үйрететін бір курстың өзі кейбір отбасыларына ауырлау болуы мүмкін. Сол себепті, «English for Jastar» жобасын ауыл жастарына бағыттап отырмыз. Біз үшін өскелең ұрпақтың жан-жақты дамыған болуын, әрі өзін-өзі дамытудың барлық тетіктері қол жетімді болғандығы маңызды»,-дейді, Облыстық «Jas Otan» Жастар қанатының төрағасы Еркебұлан Ақболатов.

Ш. ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЗНАНИЕ

ЗАВИСИМОСТЬ ПОТРЕБНОСТЕЙ: хорошо это или плохо?

АЗАРТ – ЭТО, ПОЖАЛУЙ, ОДНА ИЗ САМЫХ ПРОТИВОРЕЧИВЫХ ЧЕРТ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ НАТУРЫ. С ОДНОЙ СТОРОНЫ, ЖИТЬ БЕЗ АЗАРТА СКУЧНО И НЕИНТЕРЕСНО, БЕЗ НЕГО НЕ ДОБЬЕШЬСЯ СЕРЬЕЗНЫХ УСПЕХОВ В СПОРТЕ, КАРЬЕРЕ ИЛИ БИЗНЕСЕ. С ДРУГОЙ СТОРОНЫ, АЗАРТ МОЖЕТ ПАГУБНО ПОВЛИЯТЬ НА ЖИЗНЬ ЧЕЛОВЕКА. В ТЕХ СЛУЧАЯХ, КОГДА НЕ МЫ УПРАВЛЯЕМ АЗАРТОМ, А АЗАРТ НАМИ, ЭТО МОЖЕТ ПРИВЕСТИ К САМЫМ ПЕЧАЛЬНЫМ ПОСЛЕДСТВИЯМ.

Давайте сегодня попробуем разобраться, так все же хорошо быть азартным человеком или плохо? Азарт – это искренний интерес к делу, страстное предвосхищение успеха. Он мотивирует, дает нам силы стремиться к лучшему и добиваться того, чего мы хотим. Без азарта не достигнуть успеха в спорте, карьере или бизнесе. Он помогает концентрироваться на деле, думать о нем все свободное время, и даже не спать ночами. Говорят, Александр Македонский брал в свою армию только азартных воинов. Так что, с одной стороны, азарт – это мощнейшая двигательная сила для нашего развития. С другой, это сильная эмоция, а эмоции часто противоположны мыслительному процессу, они мешают нам мыслить рационально. Именно под влиянием сильных чувств люди часто совершают не слишком разумные поступки, и азарт в этом смысле – не исключение. Под его влиянием люди ввязываются в ненужные споры или сомнительные предприятия, не успев поразмыслить логически. Предлагаю несколько приемов, которые помогут управлять своим азартом и извлекать из него только положительное.

Очень важно, на что именно направлен ваш азарт. Если конечная цель благая – спорт, карьера или научная деятельность, то, скорее всего, и беды от него не будет. Но если цель – получение денег и, желательно, без особенного труда, то азарт может вылиться в такую неприятную вещь, как игромания. Зависимость от азартных игр современные врачи называют не просто болезнью, а настоящей эпидемией. Даже разумные люди в какой-то момент перестают управлять собой и не могут самостоятельно справиться с игроманией. Так что, если знаете, что вы – человек азартный, сознательно избегайте эту сторону жизни. Лучше проявлять азарт в работе или, скажем, в игровых видах спорта.

Проявления азарта, как и любых других эмоций, можно сознательно контролировать. Если вы знаете, что в определенные моменты вас "заносит" и это мешает вам жить, учитесь системно бороться с такими проявлениями азарта. Например, азартные спорщики могут портить свои отношения с людьми. Если вы знаете за собой такую особенность, создайте себе несколько рамок или правил, которые помогут спорить более спокойно. Например, не превращайте диалог в монолог, слушайте мнение оппонента, не повышайте голос, считайте до пяти, прежде чем ответить. Привыкнуть к этим правилам будет поначалу сложно, но потом они войдут в привычку.

Давайте себе время на обдумывание. Если вы знаете, что под влиянием азарта можете ввязаться в сомнительное предприятие, возьмите за правило делать паузу перед принятием решения. Через несколько часов азарт поуляжется, и вы сможете лучше думать логически.

Может показаться, что главное в азартных играх - это выигрыш, однако исследования показывают, что все не так просто. Почему даже неудачная игра может приносить удовольствие?

Проигрывать не любит никто, даже патологически одержимые игроки. И, тем не менее, они продолжают делать ставки.

Так зачем же испытывать судьбу вновь и вновь, если в выигрыше все равно останется казино, а не игрок?

Люди, испытывающие непреодолимую тягу к азартным играм, говорят, что даже после череды проигрышей они все равно возвращаются к карточному столу или игровому автомату, чтобы испытать яркие эмоции.

В отличие от родственных заболеваний наркомании и алкоголизма, эта более близка к психическим болезням, эмоциям, не затрагивает физического здоровья. Но, принцип самого влечения у нее схож. Ведь влечение и продолжение втягиваться в свою зависимость основная проблема зависимости. Это и порой вводит в заблуждение. Ведь, если при наркомании и алкоголизме физические симптомы указывают на болезненное состояние, то в случае игромании такого не наблюдается. По статистике более всего игромании подвержены подростки. Хотя возрастной период охватывает все поколения. Преимущественно страдают мужчины. Самое страшное, что делает игроманию таковой - это невозможность в начале развития болезни распознать ее.

К сожалению, игромания на первых порах не так-то легко поддается распознаванию. Порой окружающие догадываются об этом уже по явным нездоровым признакам. К первым признакам развивающегося недуга относится большая вовлеченность в игру, сильное переживание ее.

Человек постоянно проигрывает ситуацию прошлой игры, и уже чувствует побуждение к новой. При этом игроман возбужден и испытывает постоянную тревогу. Когда он приходит в клуб и садится за автомат, он еще более возбуждается, что толкает на повышение ставок. В процессе игры, человек сильно затрудняется от нее оторваться. Как будто его держит неведомая сила. Тревожность нарастает по мере того, как игроман заканчивает играть и отправляется домой, что бы сочинить новую версию обмана, предназначенного для семьи. Со временем появляется раздражительность во время выхода из игры. У такого человека постоянно вертится мысль: как добыть денег на очередную игру, что можно продать, что можно заложить, и даже украсть.

Самое неприятное в этой ситуации, что игроман до последнего пытается скрыть свой истинный мотив занятостью игрой. Он придумает что угодно, но не сознается в своем влечении, даже если уже чувствует сам, что заболевает. В последствие дела игромана становятся еще хуже. Он теряет семью, детей, отношения с друзьями и товарищами, теряет работу. А его душевное состояние оставляет желать лучшего. Признаки игровой зависимости: давно увлечен игрой в ущерб работе, финансовому состоянию и семейным отношениям; хочет прекратить игру, но не может остановиться; задолжал денег родным, знакомым; говорит им неправду о том, где провел время и на что тратил деньги; в случае выигрыша не может остановиться и уйти в плюсе, а продолжает игру с целью выиграть еще больше, и в результате уходит в минус. Механизм формирования игровой зависимости основан на частично неосознаваемых стремлениях, потребностях: уход от реальности и принятие роли. В процессе игры возникают расслабление, снятие эмоционального напряжения, отвлечение от неприятных проблем и игра рассматривается как приятное проведение времени. По этому механизму постепенно развивается зависимость. Аддикция к игре начинается тогда, когда после участия в ней человек продолжает с большим постоянством думать об игре и стремится снова участвовать в ней.

Жания КАРАУЛОВА

ВИЧ

БОЯТЬСЯ НЕ НУЖНО – НУЖНО ЗНАТЬ!

ВИЧ/СПИД - одна из важнейших и трагических проблем, возникших перед человечеством в конце XX-го века, и вошедшая вместе с нами в XXI век.

ВИЧ-инфекция приобретает массовое распространение во всем мире и создаёт угрозу не только личной, общественной, государственной безопасности, но и угрозу существования человечества. ВИЧ-инфекция угрожает будущему страны, поскольку в группу риска попадает молодое, работоспособное население в репродуктивном возрасте. На сегодняшний день огромный рост числа ВИЧ-инфицированных обусловлен рискованным половым поведением и «незащищенными» сексуальными контактами. Второе место среди причин инфицирования занимает употребление наркотических веществ, требующих инъекционного введения.

Инфицированные люди являются источником инфекции на протяжении всей своей жизни, поэтому все мероприятия должны быть направлены на профилактику путей передачи, повышение уровня информирования населения, внедрение образовательных программ в учебных заведениях.

В целях усиления мотивации молодых людей в отношении выбора и поддержания здоровых форм поведения ОО «КОС КАНАТ ЖЕТЫСУ» совместно с Центром по профилактике и борьбе со СПИД проводят доступные профилактические мероприятия в профессиональных колледжах и школах г.Талдыкорган, основная цель которых повышение уровня информированности по профилактики ВИЧ, формирование навыков безопасного, ответственного поведения.

Повсеместная, доступная, регулярная информация о ВИЧ-инфекции, ее развитии, проявлениях заболевания, его профилактике и лечении нужна молодежи: чтобы снизить до минимума риск заражения и распространения заболевания; чтобы терпимей относится к ВИЧ-позитивным людям; чтобы продолжать жить и не стать изгоем, если заражение по какой-либо причине произошло.

Мероприятия проводятся с участием выездной бригады, в состав, который вошли сотрудники НПО и врачи эпидемиологи. Сотрудники проекта организовали мероприятия, на которых студенты города смогли получить подробную информацию с показом презентации и видеороликов, прошли индивидуальное консультирование, познакомились с примерами из жизни, получили информационный материал и средства защиты. 15% участников пожелали пройти тестирование на ВИЧ и узнать свой ВИЧ статус.

Проект реализуется в рамках государственного социального заказа.

ОО "ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ"

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

НАМЫСЫ БАР АДАМНЫҢ РУХЫ ДА БИІК БОЛАДЫ

ИЯ, САНАУЛЫ КҮННЕН СОҢ XXXII ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ОЙЫНДАРЫ ДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТЕДІ. ҚУАНЫШҚА ҚАРАҒАНДА КӨҢІЛІМІЗДІҢ ПӘС ЕКЕНІН ДЕ НЕСІНЕ ЖАСЫРАЙЫҚ. СОНАУ КҮН ШЫҒЫС ЕЛІНЕ АТ ТЕРЛЕТІП БАРҒАН 96 СПОРТШЫМЫЗДЫҢ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ТАБЫСЫ ҮШ ТӨРТ-АҚ ҚОЛА МЕДАЛЬ ҒАНА. КӨПШІЛІК ҮЛКЕН ҮМІТ АРТҚАН ҚАМШЫБЕК ҚОҢҚАБАЕВ БАУЫРЫМЫЗ БОКСТАН АЛТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ МЕ, ОЛ ЖАҒЫ ДА БІЛГІСІЗ...ӘРИНЕ, СПОРТШЫЛАР ЕЛГЕ ОРАЛҒАН СОҢ, ОЛАРДЫҢ ӘР ҚАДАМДАРЫ МАМАНДАР ТАРАПЫНАН КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАУҒА ҰШЫРАЙТЫНЫ ДА АНЫҚ. СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ СҰРАЛАДЫ. БАҒЫСЫ ДА БЕРІЛЕДІ. БІЗ СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРЫП, КЕЛЕСІ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА ОЛИМП ТҰҒЫРЫНАН ЛАЙЫҚТЫ ОРЫНДАРЫН АЛАДЫ ДЕГЕН СЕНІМІМІЗДІ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАЛТҚЫМЫЗ КЕЛМЕЙДІ. ОСЫ РЕТТЕ ШЫҒЫС ЖЕКПЕ-ЖЕГІНІҢ БІРНЕШЕ ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗЫ, ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЖАБЫҚ ЖҮЗУ БАССЕЙННІҢ ДИРЕКТОРЫ МЕРЕЙ СҮЙІНОВ БАУЫРЫМЫЗБЕН АРНАЙЫ КЕЗДЕСІП, ҚЫСҚАША ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

– Спорт дегеніміз өзінше бір құпияға толы, сиқырлы әлем ғой. Олардың түрлері де көп. Дегенімен соңғы жылдары біздің елімізде кеңінен қанат жая бастаған Шинкиокушинкай каратэ спортының тарихы туралы тоқталып өтсеңіз?

– Дұрыс айтасыз, каратэ спорты біздің елге тәуелсіздікпен қатар келді. Каратэ – қарусыз қорғанудың бір түрі. Қол және аяқпен қарсыласының неғұрлым осал тұсына соққы беруге негізделген. Бұл спорттың түрі XV-ғасырда Окинава аралдарында пайда болған. Каратэ Қытайдың кунгфу қарусыз күрес түрімен қатар дамыған. Аңызға сүйенсек сол кездегі князь Се Хайси (1470) жұрттарға қару ұстауға рұқсат бермеген. Ал, жергілікті халық сырт жаудан қорғану мақсатында Каратэні өмірген әкелген көрінеді. Қазір оның каратэ – до (олимпиадалық спорт түрі) , шотокан, кекусинкай, ситро-рю, годзюрю, вадо-рю деген түрлері бар. Қазіргі каратэ жүйесі 20 ғасырдың басында дамыды. Джиу-джицу күресінің тәсілдерінен сұрыптап алынған, жетілдірілген түрі. Халықаралық федерациясы 1968 жылы құралды. Оған 50-ден астам мемлекет мүше болды. Дүниежүзілік чемпионат 1970 жылы, ал Еуропа чемпионаты 1971 жылдан өткізіліп келеді. Қазақстанда каратэ 1991 жылдан кең етек ала бастады. Осы жылдар ішінде қазақ жастары каратэ түрлерінен Азия, Еуропа және әлем чемпиондары атанды. Каратэнің каратэ-до түрі 2004 жылы Афинада өткен XXYIII Олимпиадалық ойындар бағдарламасына енгізілді. Каратэ спортында дене дайындығы, күш, шапшаңдық, ептілік, шыдамдылық қана сынға түспейді, сонымен қатар жақсы жетілген әдіс-тәсіл, айла, спортшының бойындағы рухтың мықтылығы да сынға түседі. Біріккен каратэ спорт түрлеріне каратэ-до, шинкиокушанкай, киокушинкай кіреді. Осы спортпен әлемге танымал Мұстафа Өзтүрік, Брюс Ли, Боло Енг, Чак Норрис, Жан Клод Ван Дамм сынды кино актерлері де шұғылданған. Нақтысында кино арқылы осы аттары аталған жандарға әлем жастары қатты еліктеді десек те болады. Яғни, олар каратэ спортының кеңінен қанат жаюына үлкен септігін тигізді.

– Бұл спорттың да түрлері көп екені түсінікті. Енді өз оқырмандарымызға Киокушинкай каратэнің өзіне тән ерекшелігін айтып берсеңіз?

– Жалпы, бүгінгі таңда жастардың көбі Киокушинкай каратэ спортына ден қоюда. Осы спорт түрінің негізін қалаушы Масутацу Ояму екі әдеттегі шотакон және годзю-рю атты каратэ стилінің жақсы жақтарын алып, жауынгерлік жүйесін қалыптыстырды. Киокушанкай **–** каратэ стилінің ең ауыры, әрі темірдей қатаңдығымен ерекшеленеді. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл әскери өнерге жатады. Жауынгер азаматтарды салқынқандылыққа, төзімділікке, алғырлыққа тәрбиелейтін Шығыстың жекпе-жегі десек те болады. Тағы бір өзіне тән өзгешелігі, бұл спортта қол мен бастан ұруға тиым салынған.

– Спортқа келудің түрлі жолдары бар. Біреулер ерте бастаса, енді бірі кештеу келді, алайда өзі қалаған спорттан тәп-тәуір нәтижеге қол жеткізіп жатады. Осыған не дер едіңіз?

– Расында әркімнің тағдыры әр түрлі ғой. Өз басым спортқа ерте келдім десем де болады. Әуелде, ата-анамның рұқсатымен жеті жасымда 1994 жылы қаладағы Тхэквандо клубына тіркелдім. Мұнда 10 жасыма дейін тәрбиеленіп, 1997 жылы «Самал» шағын ауданындағы шинкиокушинкай каратэ жетекшісі Зайна Бетированың қарамағындағы клубка тіркеліп, шұғылдана бастадым. Зайна апайымыздың спорттағы атап өтер еңбектері өте зор. Ол Жапония елінде іс-тәжірибеден өткен. Алматы облыстық шинкиокушинкай каратэ федерациясының президенті. Тәжірибелі, дарынды жаттықтырушы. Елімізге кеңінен танымал, қара белбеуден 4-дан иегерінен тәлім-тәрбие алған менің де жолым жаман болған жоқ. Каратэ спортымен шұғылдана жүріп, облыс орталығындағы «Жетісу» мемлекеттік университеті мен Алматыдағы «Қазақ спорт және туризм» академиясын бітірдім. Осы клубтан 20 жыл ішінде өзім сияқты небір талантты ұл, қыздар спорт әлемінде өз орындарын ойып тұрып алды десем артық айтқандық емес. Олар: Еркебұлан Бейсембаев, Азат Ахмадиев, Дәулет Торғаев пен Феруз Шегебаевтың әрқайсысында Еуропа, Азия және әлем чемпиондары деген атақтары бар.

– Спортпен шұғылданған соң, оның нәтижесін де көрген жақсы. Жиырма үш жасыңызда ҚР Шинкиокушинкай каратэ спортының шебері, 28 жасыңызда Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атандыңыз. Сонымен қатар әлем, Еуропа және Азия чемпионы деген атақтарды жеңіп алдыңыз.

– Ия, әрбір атақтың соңында ұзақ жылғы жанкешті ізденіс пен маңдай тердің жатқаны түсінікті. Күні-түні жаныңда жүретін жаттықтырушының ұшан-теңіз еңбегі өзінше бір төбе. Спортта жетістікке қол жеткізу үшін көп дүниені құрбандыққа шалуға тура келеді. Сол себептен өз басым той-томалақ, қыдырыс пен көңіл көтеруден мүлдем аулақ жүремін. Ол менің бала кезден қалыптасқан мінезім. Алдымен дайындығың мықты болуы тиіс. Көптеген жарыстарға қатысып, үнемі жүлделі орындардан көрініп жүрдім. Әлі есімде 2015 жылы қазан айында Ресей Федерациясының Хабаровскі қаласында каратэ киокушинкайдан әлем чемпионаты ұйымдастырылды. Жарысқа аттанар алдында атақты балуан, Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ағамыздың ақ батасын алдым: «Қолыңнан бәрі келеді!» деп жігерлендіре сөйлегені сөзі қанатымды қатайтып, еңсемді көтерді. Ата-бабаларымыздың: «Батамен ел көгереді, жауынмен жер көгереді» деген ұлағатты ойлары жанымда мәңгілік сақталып қалды. Жанашыр ағамыздың қамқорлығына айтар алғысым да шексіз. Чемпионат «Бірігу уақыты» деген ұранмен өтті. Бәйгеге 10-нан астам федерацияның 50-ге жуық спортшысы қатысты. Бәрінің де атақ-даңқтары керемет, осалы жоқ. Жарыс 10 салмақ бойынша іріктелді. Алғашқы кездесуімде көрші қырғыз елінің спортшысын жеңдім. Келесі айналымда грузин жігіті жарақат алды ма, әйтеуір шықпай қалды. Үшінші айналымда поляктан басым түстім. Ал ақтық айқаста жапонның атақты спортшысы Ханошито Такеакимен кездескенімді айтпайсызба?! Қарсыласымның атағынан ат үріксе де, Жақсылық ағаның қанаттандырған сөзі ме, екі раундта да оған дес бермей, соңғы шешуші сәтте барымды салып, жеңіс тұғырына көтерілдім. Әлем чемпионы атандым.

– Ұмытпасам, 2018 жылдың көктем айында Ресейдің Благовещенскі қаласында «Амурдағы чемпиондардың шайқасы» атты каратэнің киокушинкай түрінен өткен жарыста да еліміздің намысын қорғап, қарсыластардың барлығынан да үздік шығып, жеңіс биігінен орын алғаныңызды жерлестеріңіз жақсы біледі. Десекте, 2020 жылдың тамыз айындағы Болгария елінінің Камчия қаласында өткен біріншіліктің орны бөлек сияқты.

– Рас айтасыз. Өткен жылғы пандемия індетінің зардабын айту, еске алудың өзі өте ауыр. Соған қарамастан, халықаралық турнир Болгария мемлекетінде ұйымдастырылды. Өзгешелігі сол, бұл жарысты әлем бойынша барлық шығыс жекпе-жек өнерінің жеңімпаз мамандары мен өкілдері бақылап отырады. Мен 90 келі салмақ дәрежесінде Францияның атақты спортшысы Жан Поль Жакоутпен рингке шығуыма тура келді. Француз спортшысы өткен жылы (2019) Әлем біріншілігінде күміс жүлдегер атанған. Жарыс жаңа ереже бойынша өрбіді. Ол, кикбоксингке өте ұқсас келеді. Яғни, спортшылар қолғап киіп, 3 минуттан 3 раунд жекпе-жек өткізеді. Бұл жігітпен осыдан үш жыл бұрында кездесіп, онда да жеңген едім. Сондықтан бұл жолы да ұстаз-жаттықтырушымның ақыл-кеңесі үлкен көмегін тигізді. Қайта француз атлетін екі мәрте есеңгіретіп, айқын басымдықпен жеңіске қол жеткіздім. Әлемге әйгілі «SENSHI» кубогі тапсырылды.

– Алматы облысында каратэ спортының даму деңгейі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?

– Шинкиокушинкай каратэ спортының болашағы өте зор. Бүгінгі таңда, Жетісу өңірінде 50-ден астам каратэ клубтары жұмыс істесе, соның 20-дан астамы Талдықорған қаласында шоғырланған. Бұл спортқа жастарымыздың ден қоюы өте көп. Келешекте бұл спорттың түрі де Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына кіретініне де сенімдімін.Бүгінгі таңда өзім жаттықтырып жүрген оқушыларым да, ел көлеміндегі ірі-ірі жарыстардан орын ала бастады. Соған қуаныштымын.

– Жақында облыс әкімі Амандық Баталов спорт саласындағы қажырлы еңбегіңді жоғары бағалай отырып,Орта Азияда теңдесі жоқ, Олимпиадалық жабық жүзу бассейнің басшылығын өзіңе тапсырды. Бұл да мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен сенім мен құрметтің бірегейі деп есептеймін.

– Рахмет. Облыс басшысының сенімін ақтауға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Құдай қаласа, бассейн облыс тұрғындарына қызмет етіп, су спортынан Олимпиада чемпиондарын өмірге әкелетін болады. Қазіргі таңда жас жеткіншектерді іріктеп, қабылдау жұмысы қолға алынды. Сондай-ақ, үнемі менің спорттағы қол жеткізген табысымды қадағалап, бүкіл елге жеткізіп отырған «Қазақ спорты» газетіне де шынайы алғысымды айтқым келеді.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАҒАН ОРТАЛЫҚ

Самал ТӨЛБАЕВА: *«Қызым – Кәусар Тыныштықбай-қызы бес жаста. «Мейірім» шығармашылық орталығына барып жүргеніне екі айдың жүзі болды. Орталыққа барғалы аз уақыт ішінде көп дүниені үйренді. Ол сурет және мүсіндеу үйірмесіне қатысады. Немересінің бойындағы өнеріне қарап әжесі де мәз. Орталықтағы ұстаздарының үйреткен заттарын үйге келіп те жасап, үш жастағы сіңлісіне*

де үйретіп қояды.

Қаламызда осындай керемет орталықтың ашылғанына өз басым шын қуанштымын. Балаларымызды өнерге баулып жатқан ұстаздар еңбегі ерекше дер едім. Орталықтың директоры Гүлмира Қуанышқызына, сурет пен мүсіндеуден сабақ беретін үйірме жетекшілері Айжан, Клара апайларға айтар алғысым шексіз, еңбектері жана берсін деймін».

***

Жансая АЛКЕНОВА: *«Қызым – Әлім Жанерке Ілиясқызы Талдықорған қаласы Еркін ауылдық округіндегі №26 орта мектебінің 2«ә» сынып оқушысы. Сыныптастары арасында беделі бар оқушы. Мектеп шараларына белсенді қатысады. Отбасында ортаншы бала. Кішкентайынан өте зерек болып өсіп келеді. Өзінің алға қойған мақсаттары мен*

жоспарлары өте көп. Бос уақытында сурет салғанды, түрлі қолөнермен айналысқанды жақсы көреді. Жазғы демалыста «Мейірім» шығармашылық орталығындағы «мүсіндеу» және «Оригами» үйірмелеріне жазылып, қатысып келеді. Үйірмелерден үйренгендері мектеп сабағына да көмек болуда. Осындай орталықты ашып, балаларға үлкен мүмкіндік беріп келетін Айдабосынова Гүлмира Қуанышқызына отбасымыздың атынан үлкен рахмет айтамын. Жұмыстары тек алға бассын.

Білім және қол өнердің әр саласын,
Тек «Мейірім» орталықтан табасың, тамсанасың.
Үйретуден талмаған қанаттары,
Орталықтың ұстаздары мың жасасын.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ІНДЕТ

КОРОНАВИРУСТЫҢ ЖАҢА ШТАММЫ ТАРАЛДЫ

Қазақстаннан «Eta» деп аталатын «нигериялық» штамм табылды, ол елдің төрт облысына таралған. Бұл туралы денсаулық сақтау министрі Алексей Цой фейсбуктегі парақшасында мәлімдеді.

Денсаулық сақтау министрлігі 2021 жылдың шілде-тамыз айларында КВИ науқастарынан алынған оң зертханалық үлгілерді секвенирлеу әдісімен коронавирустық инфекцияға генетикалық зерттеу жүргізді.

«Секвенирлеу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасында 96 үлгіде штаммдар айналымы белгіленген (Delta «Үнді штаммы» - 57 (59,4%), Alpha «Британдық» - 24 (25%), «Ухань» коронавирусы - 10 (10,4%) және eta «Нигерия» - 5 (5,2%). Eta «Нигерия» штаммының айналымы 4 өңірде айқындалды (Қарағанды - 1, Маңғыстау - 2, Павлодар - 1, Нұр-Сұлтан – 1)», – деп жазды Алексей Цой.

«Eta» штаммның пайда болуы 2020 жылдың желтоқсанында белгілі болды, аурудың алғашқы жағдайлары Нигерия мен Ұлыбританияда анықталды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2021 жылғы 15 қыркүйектегі деректері бойынша «Eta» штаммы әлемнің 77 елінде бөлінген, ДДҰ санаты бойынша «бақылауды» талап ететін штаммдарға жатады.

Клиникалық белгілері Alpha (Британдық) және Beta (Оңтүстік Африка) штамдары (жоғары қызба, жөтел, иіс пен дәм жоғалту, ауыр ауру және т.б.) сияқты.

Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі әрбір қазақстандықты өз денсаулығын және жақындары мен туыстарының денсаулығын сақтауға қамқорлықпен қарауға шақырады. Инфекциядан және ауруханаға жатқызудан қорғаудың жалғыз тиімді әдісі - COVID19 вакцинациясының аяқталған курсы. Сондай-ақ, вирустың таралу қаупін азайту үшін барлық алдын-алу шараларын сақтау қажет: маска кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау, қол гигиенасы, үй-жайларды желдету және т.б.

Айта кетейік, кейінгі тәулікте Қазақстанда 2093 коронавирус жұқтырған адам тіркелді. Жалпы алғанда, елімізде былтыр наурыз айынан бері 864 955 адам коронавируспен ауырған.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

САБАҚТЫ ҚАЙ УАҚЫТТА ҚАРАҒАН ДҰРЫС?

Емтихан мен бақылау жұмысын немесе басқа да жауапты тапсырма орындайтын сәтте оқушы да, студент те сабаққа бас қоятыны бар. Берген материалдың бәрін жаттауға, мұқият оқуға көшеді. Оқығанның бәрі есте қалғаны аса маңызды. Оның үстіне, уақыт та тығыз. Не істемек керек? Қалай барынша тез оқып, есте сақтаймыз?

Содан оқушының ойында тез жаттау үшін таңертең оқиын ба әлде кешке оқиын ба деген сауал туады? Ми тынық-қан соң, оқыған да пайдалы, әрине.

Бірақ мамандар сабақты таңертең емес, кешке, ұйықтар алдында оқығанның пайдасы көбірек дегенді айтады. Неге десеңіз, адамның ұйқысы жаттаған сабақты есте сақтауға көмектеседі екен. «Күндіз не ойласаң, түсінде соны көресің» дейді халқымыз. Соның шындығы бар болып шықты.

Яғни, ұйықтар алдында сабақты жаттап, қарап, ойыңызға тоқып алсаңыз, ұйықтағаннан кейін соны адам миы өзіне тоқып алатын көрінеді. Бұл да бір мидың ерекшелігі.

Сондықтан мамандар ұйықтар алдында оқитын материалдың бәрін оқып барып ұйықтаған жөн дегенді алға тартады.

Тағы бір кеңес – сабақты топтық жұмыспен қарау. Яғни, басқа сыныптас не топтас достарыңызбен бірге қарасаңыз – соғұрлым есте қалмақ.

Сабақ қарарда смартфон, теледидар сынды назар бұзар заттарды алып тастаған жөн.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші
Жания КАРАУЛОВА – тілші

Кезекші редактор: Ж. КАРАУЛОВА.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 925
Индекс 15534